**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

| | |
|---|---|
| **Профессор, доктор Осман Хората**<br>Өкілетті Кеңес төрағасы,<br>Хажеттепе университетінің профессоры | **Проф., доктор Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов**<br>Өкілетті Кеңес төрағасы орынбасары<br>Қ.Р. Білім және ғылым министрі |
| **Профессор, доктор Мұстафа Исен**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Президент аппаратының Бас хатшысы, Т.Р. Жоғары Білім Кеңесінің мүшесі | **Дархан Қамзабекұлы Мыңбай**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Қ.Р. Мәдениет және ақпарат министрі |
| **Нажи Ағбал**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Т.Р. Қаржы министрлігінің кеңесшісі,<br>Т.Р. Жоғары Білім Кеңесінің мүшесі | **Аида Дәденқызы Құрманғалиева**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Қ.Р.Денсаулық вице-министрі |
| **Доцент, доктор Ибрахим Калын**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі<br>Премьер-министрдің Бас кеңесшісі | **Проф., доктор Серік Жайлауұлы Пірәлиев**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ректоры |
| **Профессор, доктор Мұхиттин Шимшек**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі, Мармара университетінің профессоры | **Профессор, доктор Лесбек Ташимов**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі, Ахмет Ясауи атындағы университеттің Президенті |

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ КҮН ТӘРТІБІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/ 2012**

1. Мәжілістің ашылуы және мәжілістің күн тәртібімен таныстыру,
2. 02.06.2012 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы күнге дейін Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы есеп,
3. 02.06.2012 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы күнге дейін ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар туралы есеп,
   - **3.1.** Университет Президентінің 02.06.2012 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы күнге дейін ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар туралы есебі,
   - **3.2.** 2012 жылы 19-25 қараша аралығында өткен Қазақстан Республикасы және Түркия Республикасының мемлекеттік аттестациясы туралы мәлімет,
4. «2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебін» талқылау және бекіту,
   - **4.1.** «2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебінің» ректор өкілі тарапынан ұсынылуы, талқылануы және бекітілуі,
   - **4.2.** Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары (ТүрТЕП) «2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебін» талқылау,
5. 2011 жылғы академиялық және қаржылық тексеру есебін талқылау және 2011 қаржы жылының нақты есебін бекіту,
   - **5.1.** 2011 жылғы академиялық тексеру есебін талқылау,
   - **5.2.** 2011 жылғы қаржы тексеру есебін талқылау,
   - **5.3.** 2011 қаржы жылының нақты есебін бекіту,
6. 2013 жылы бюджетін талқылау және бекіту,
7. Тараз институтының өткізілуіне байланысты атқарылған жұмыстар туралы есеп,
8. Шымкенттегі ғимараттарға (Байтұрсынов көшесі, 7А және Байтұрсынов көшесі, 63 мекен-жайындағы) байланысты ректораттың жаңа ұсынысын талқылау,
9. Шымкент клиникасының жер телімі мен ғимараттарының пайдалануы туралы ректорат есебін талқылау,
10. Дайындық бөлімі тыңдаушыларының жағдайын талқылау,
11. 2013-2014 оқу жылы Түркия Республикасы, түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және ТүрТЕП бағдарламасына қабылданатын студенттердің контингентін айқындау,
    - **11.1.** 2013-2014 оқу жылында Түркия Республикасынан қабылданатын студент контингенті,
    - **11.2.** 2013-2014 оқу жылында түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан қабылданатын студент контингенті,
    - **11.3.** Қазақстан және Түркиядан тыс түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан ақылы негізде қабылданатын студент контингентін талқылау,
    - **11.4.** 2013-2014 оқу жылында ТүрТЕП бағдарламасына қабылданатын студент контингенті айқындау,

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ**
**КҮН ТӘРТІБІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/ 2012**

**12.** Университеттің нақты мекен-жайының жазылуы мәселесі;

**13.** Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығына байланысты шешімді түзету,

**14.** ТүрТЕП-те жаңа мамандықтар ашу ұсынысын талқылау,

**15.** Регламенттерге байланысты ұсыныстарды талқылау,

**15.1.** Түркістан қашықтықтан білім беру факультетінің құрылымдық және жұмыс істеу регламентін талқылау,

**15.2.** Академиялық құрылым және жұмыс істеу регламентін талқылау,

**15.3.** Оқытушы-профессорлар құрамы туралы регламентке өзгеріс енгізу ұсынысын талқылау,

**15.4.** Жәрдемақы және сыйақы регламентіне өзгеріс енгізу ұсынысын талқылау,

**15.5.** Өкілетті Кеңес Басқармасы және ТүрТЕП-тің нормалық штаттық стандарттары кестелеріне өзгеріс енгізу ұсынысын талқылау,

**16.** Университетте салынатын әлеуметтік құрылымдарға байланысты ректорат ұсынысын талқылау,

**17.** Университеттің танытылуы жолында атқарылған шаралар туралы ректорат ұсынысын талқылау,

**18.** Алматыдағы ғимарат пен Еуразия ғылыми-зерттеу институтының мақсаттары туралы есепті талқылау,

**19.** Әртүрлі мәселелер (ұсыныстар мен тілектер)

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

*Өкілетті Кеңестің 43-мәжілісінің шешімдері 19 баптан тұрады.*

***Мәжілістің ашылуы және мәжілістің күн тәртібімен таныстыру***

Жиналыстың ашылуы барысында, Өкілетті Кеңес мүшелерінің белгіленген уақытта жинала алмауы және жиналысқа қатысу тұрғысынан жеткілікті дәрежеде жауапкершілік қамтамасыз ете алмауы жөнінде жиналысқа қатысып отырған мүшелер тарапынан сын пікір білдірді.

**1.** Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің 43-мәжілісі 2012 жылы 19 желтоқсан күні Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор доктор Осман Хората тарапынан ашық деп жарияланды. Мәжіліс үшін қажетті көпшіліктің қатысуы анықталды. Күн тәртібімен таныстырылды және қабылданды; күн тәртібіндегі мәселелер ретімен талқыға салынуы туралы шешім қабылданды.

***02.06.2012 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы күнге дейін Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы есеп***

**2.** Өкілетті Кеңес төрағасы 02.06.2012 жылғы Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы уақытқа дейін Басқарма тарапынан атқарылған жұмыстар туралы Өкілетті Кеңес мүшелеріне есеп берді **(1-қосымша)**.

Мүшелер Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстарға қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

***02.06.2012 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы күнге дейін ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар туралы есеп***

**3.1.** Ректор 02.06.2012 жылғы Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы уақытқа дейін ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар туралы қысқаша есеп берді **(2-қосымша).**

Талқылау нәтижесінде жасалған ұсыныстардың орындалуы мәселесінде мұқиятты болуды ерекше аталып өтті.

**3.2.** 2012 жылы 19-25 қараша аралығында университетте өткізілген Қазақстан Республикасы және Түркия Республикасының мемлекеттік аттестациясы туралы мәлімет берілді **(3-қосымша).**

Есептен университетке мына мәселелер бойынша сын-ескертпелер және ұсыныстар айтылғаны анықталды:

a) Университеттің Түркия және Қазақстан қоғамында таныту жұмыстарына ерекше мән берілуі,

b) Түркістан және Шымкенттегі бір бірін толықтыратын бөлімдер ретінде құрылған 5 медицина факультетінің халықаралық стандарттарға сәйкестендірілуі,

c) Университет басқаруында басымдылық кезекте халықаралық келісім, жарғы, регламенттер, Өкілетті Кеңес шешімдері мен Тарап мемлекеттердің заңнамасы ретімен болуы,

d) Университетте әкімшілік және академиялық қызмет атқаратын Түркия Республикасы азаматтарының санын арттыру,

e) Университеттің жоғары басқару сатысында, декан және кафедра меңгерушісі қызметтерінде жұмыс істейтін түркиялық оқытушы-профессорлардың санын арттыру,

f) Алматыдағы Еуразия ғылыми зерттеу институтының тез арада жұмысқа кірісуі,

g) Стандарттық құжаттардың және тіркеулердің қазақ және түрік тілдерінде жүргізілуі, университеттегі барлық тақтайшалардың түрік және қазақ тілінде жазылуы,

h) Автоматизация жүйесінің тез арада құрылуы,

ı) Түрік тіліндегі бағдарламаларды таңдаған студенттердің белгілі бір квота бойынша бір жылдық мерзімге Түркияға жіберілуі, университеттің кішігірім бөлімін Түркияда құрып, қалаған студенттерге соңғы бір жылын Түркияда оқу мүмкіндігін беру,

j) Студенттердің сабақтан тыс уақытын өткізе алатын әлеуметтік құрылымдарды арттыру, қалашықтың пейзаж реттелуін тез арада аяқтау,

k) Университет оқытушы-профессорлардың халықаралық жобаларға қатысуы және халықаралық индексті журналдарда жарияланымдарының арттырылуы үшін қажетті шараларды атқару,

l) Университет оқу бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестендірілуі,

m) Телеконференция жүйесінің кеңінен қолданылуы,

n) Қазақстан мемлекеттік аттестациясынан өте алмаған «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Құқық және экономика негіздері», «Археология және этнология», «Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарына байланысты кемшіліктердің жойылуы,

o) Қазақстан мемлекеттік аттестациясында кем болған лаборатория және жарияланым кемшіліктерінің 2013 сәуір айына дейін жойылуы,

p) Университеттің республикалық ғылыми конкурстарға ғылыми-зерттеу жобаларымен қатысуын және университет-өндіріс ынтымақтастығын жандандыру,

r) Университет оқытушы-профессорларының Қазақстанның мемлекеттік тілінде оқулықтарды шығаруға қолдау көрсету,

s) Студенттердің ғылыми жұмыстарға қатысуына қолдау көрсету.

Талқылау нәтижесінде

**3.2.1.** Есепте сын айтылған және ұсынылған мәселелердің басым көпшілігі Стратегиялық жоспарда көрсетілген және басқа да мәселелерге байланысты қажетті Өкілетті Кеңес шешімдерінің қабылданғанын ескере отырып, осы мәселеге байланысты шешімдердің мұқиятты түрде орындалуына,

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

**3.2.2.** Медицина факультетінің 5-ке бөлінуі туралы Өкілетті Кеңестің қабылдаған шешімнің болмауы және жасалған реттеулерге байланысты шешім қабылдау үдерісінің аяқталмағаны себебімен, есептегі сындар аясында дайындалатын ұсыныстың осыдан кейінгі Өкілетті Кеңес мәжілісінде талқылануына,

**3.2.3.** 2013 жылында университет қалашығының жалпы орналасуына байланысты мастер жоспарын дайындатып, 2014 жылының соңына дейін жалпы сырт көрінісі жұмыстарының аяқталуына, қалашық ішіндегі құрылыс фирмаларының көріністі бұзатын бетон құрылыстары мен басқа да нысандардың жедел түрде алынып тасталуына,

**3.2.4.** 2013 жылында университеттегі барлық тақтайшалардың түрік тілінде де жазылуына,

**3.2.5.** Автоматизация жүйесімен бірге стандарттық құжаттар мен тіркеулердің түрік және қазақ тілдерінде жүргізілуіне,

**3.2.6.** Университетке қажет кітап, мерзімді баспасөз, лабораториялық құрал-жабдықтар, техникалық жабдықтар үшін Түркия Республикасы ағымдық аударымдардан тыс Өкілетті Кеңес кірістерінен 2012-2013 оқу жылынан бастап жыл сайын 100.000 (жүзмың) АҚШ доллары көлемінде қосымша қаржы бөлінуіне, осы қаржы келіп түскен талапқа сай қажетті құжаттар негізінде ректорат есебіне аударылуына,

**3.2.7.** Университетте, халықаралық ғылыми жобаларды жүзеге асыру, жиналыстардың ұйымдастырылуын және шет елдердегі халықаралық жиналыстарға университет қызметкерлерінің қатысуын ынталандыру мақсатында Түркия Республикасы ағымдық аударымдардан тыс Өкілетті Кеңес кірістерінен 2012-2013 оқу жылынан бастап жыл сайын **150.000 (жүз елу мың)** АҚШ доллары көлемінде қосымша қаржы бөлінуіне, осы қаржы келіп түскен талапқа сай қажетті құжаттар негізінде ректорат есебіне аударылуына шешім қабылданды.

***«2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебін» талқылау және бекіту***

**4.1.** «2011-2012 оқу жылында атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген жетістіктері есебі» ректор өкілі (I Вице-президент) тарапынан ұсынылды **(4-қосымша).**

Мүшелер есепке байланысты өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Осы шеңберде:

a) Университеттің жарияланым және технологиялық инфрақұрылымы (лаборатория, компьютер т.б.) кемшіліктерінің ең алдымен жойылуы,

b) ТИКА тарапынан жасалынған жылыжайдың тиімді қолданылуы,

c) Медицина факультетінің жаңа ғимаратындағы құрылыс кемшіліктерін жою мәселесінде тиісті фирманың қажетті жұмыстарын атқаруы,

d) Болон үдерісіне сәйкестену және оқу бағдарламаларын дамыту және оларға өзгеріс енгізу жұмыстарының 2012-2013 оқу жылының соңына дейін аяқталуы, 2013-2014 оқу жылынан бастап институционалдық аккредитация және кейбір мамандықтардың аккредитациясы үшін қажетті іс-шаралардың бастатылуы,

e) Сауалнамалардағы ризашылық деңгейі көрсеткіштерінің арттырылуы,

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

f) Ашылуы жоспарланған мамандықтарға байланысты оқытушы-профессорларды жетілдіру жұмыстарының тездетілуі,

g) Тіл үйретудегі проблемаларды жою мақсатында атқарылатын іс-шараларға байланысты ұсыныстарды осыдан кейінгі Өкілетті Кеңес мәжілісінде талқылау жөнінде ұсыныстар айтылды.

Талқылау нәтижесінде

**4.1.1.** Жоғарыда айтылған сындар мен ұсыныстарды орындау шартымен «2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебінің» бекітілуіне шешім қабылданды.

**4.2.** ТҮРТЕП бастығы Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары (ТүрТЕП-тің) «2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебінің» түйінін ұсынды **(5-қосымша).**

Мүшелер есепке байланысты өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

ТҮРТЕП-тің «2011-2012 оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебі» бекітілді.

***Университеттің 2011 жылғы академиялық және қаржылық тексеру есебін талқылау және 2011 қаржы жылының нақты есебін бекіту***

**5.** Университеттің 2011 жылғы академиялық және қаржылық тексеру есептері талқыланды.

**5.1.** 2011 жылғы академиялық есепке байланысты анықтамалар қанағаттанарлық деп табылды. Осы мәселе бойынша қажетті жұмыстардың атқарылып жатқаны және тиісті шешімдердің қабылданғаны анықталды. Ең алдымен төменде көрсетілген мәселелердің шешілуі керектігі баса айтылды.

**5.1.1.** Оқытушы-профессорлар және студенттер алмасуының арттырылуы,

**5.1.2.** Аккредитация және сапа менеджменті бөлімінің қажетті мәліметтерді тұрақты түрде алып тұратындай дәрежеде дамытылуы,

**5.1.3.** Сырттай оқыту факультетінде мамандықтардың айтылған сындарға сәйкес қайтадан қаралуы, сабақтардың интернет арқылы жүргізілуі үшін қажетті жұмыстардың атқарылуы, келешекте толығымен қашықтықтан (интернет арқылы) білім беру факультетіне айналуына шешім қабылданды.

**5.2.** 2011 жылғы қаржылық тексеру есебінде Өкілетті Кеңес Басқармасына байланысты сын айтылмағаны анықталды.

2011 жылғы қаржылық тексеру есебінде ректоратқа байланысты мәселелер бойынша анықтамалар қанағаттанарлық деп табылды. Сонымен қатар, төмендегі мәселелер бойынша қажетті шаралардың кешіктірмей атқарылуы айтылды.

**5.2.1.** Университет мүддесіне қарсы шешілген Түркістандағы Айташ фирмасының ғимаратына байланысты сот үкімін бұздыру үшін ректорат тарапынан қажетті құқықтық шараларының атқарылуына,

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

**5.2.2.** Қажетті жөндеу жұмыстары аяқталған Яссы қонақ үйінің кәсіптік түрде басқарылуы мәселесінде керекті шаралардың атқарылуына шешім қабылданды.

**5.3.** Университеттің 2011 жылы қаржы есептерінің 2012 жылы 22 сәуір-21 мамыр аралығында қаржы тексеру комиссиясы тарапынан жүргізілген тексеру нәтижесінде анықталған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2011 қаржы жылының нақты есебі **72.181.166** (жетпісекі миллион жүзсексенбір мың жүзалпысалты) АҚШ доллары ретінде, 2011 жылы қаржы тексеру есебінде сынға алынған мәселелер бойынша қажетті шаралардың атқарылуы шартымен бекітілуіне шешім қабылданды **(6-қосымша).**

***2013 жылы бюджетін талқылау және бекіту***

**6.** 2013 қаржы жылының бюджет жобасы талқыланды.

**6.1.** Университеттің 2013 қаржы жылы бюджеті 5.945.592.700 теңге (39.637.300 АҚШ доллары) ағымдық, 568.200.000 теңге (3.788.000 АҚШ доллары) инвестициялық, жалпы 6.513.792.700 теңге (43.425.300 АҚШ доллары) ретінде қабылдануына **(7-қосымша)**,

6.2. Өкілетті Кеңес төрағасына бюджеттің бөлімдері арасында тиісті бюджет бөлімінің 20 % аспау шартымен қаржы аудару құқығы берілуіне,

**6.3.** Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Түркия Республикасының бюджет үлесі ретінде Ректорат есепшотына 5.162.600 АҚШ доллары көлемінде ағымдық төлем аударылуына,

**6.4.** Университетке бөлінген 2013 жылғы инвестиция бюджетінің қаражатын инвестиция жобалары тізімінде (**8-қосымша**) көрсетілген жұмыстардың аяқталуы үшін қолданылуына,

**6.5.** Еуразия зерттеу институтына 2013 жылына бөлінген 15.826.239 теңге (105.508 АҚШ доллары) қосымша бюджетінің (**9-қосымша**) 2013 жылдан бастап айлық аударымдарға қосымша ретінде келетін талапқа сәйкес Өкілетті Кеңес тарапынан жіберілуіне,

**6.5.1.** Еуразия ғылыми зерттеу институтына төменде көрсетілген қызметтерге қабылданатын қызметкерлерге Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгіленетін еңбек ақыға кестеде көрсетілген мөлшерде қосымша ақы мен тіл меңгергені үшін төленуіне шешім қабылданды.

**ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ҚОСЫМША АҚЫ МӨЛШЕРЛЕРІ КЕСТЕСІ**

| р/с | Қызметі | Штат саны | Категория | Коэф | Қазақстан заңдарына сәйкес айлығы | Қосымша айлық пайызы-% | Тіл меңгергені үшін -% | Жалпы қосымша ақы | Қосымша айлықтың өсу пайызы -% | Айлық жиынтығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Директор орынбасары | 1 | G-4 | 3,61 | 63.886 | 100 | 50 | 95.829 | 150 | 159.715 |
| 2 | Институт хатшысы (бухгалтер) | 1 | G-5 | 3,59 | 63.532 | 80 | 50 | 82.592 | 130 | 146.124 |
| 3 | Маман (компьютер маманы) | 1 | G-10 | 2,45 | 43.358 | 80 | 50 | 56.365 | 130 | 99.723 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Маман (Басқарушы асистенті ) | 1 | G10 | 2,45 | 43.358 | 80 | 50 | 56.365 | 130 | 99.723 |
| 5 | Кітапханашы | 1 | G-12 | 2,10 | 37.164 | 60 | 50 | 40.880 | 110 | 78.044 |
| 6 | Жүргізуші | 1 | P-6 | 1,95 | 34.509 | 50 | 50 | 34.509 | 100 | 69.018 |
| 7 | Хатшы | 1 | G-14 | 1,46 | 25.838 | 40 | 50 | 23.254 | 90 | 49.091 |
| **Жалпы** | | **7** | | | **311.644** | | | **389.794** | | **701.438** |

***Тараз институтының өткізілуіне байланысты атқарылған жұмыстар туралы есеп***

**7.** Ректор, Тараз институтының өткізілуі туралы 28.05.2011 жылғы Өкілетті Кеңестің 40-мәжілісінде қабылданған шешімге байланысты атқарылған жұмыстар жөнінде мәлімет берді **(10-қосымша**). Ректор мәліметінен Тараз институтының 1-оқу ғимаратының (М.Қойгелді көшесі, №190), 2-оқу ғимаратының (Төлеби көшесі, №69), 3-оқу ғимаратының (М.Қойгелді көшесі, №173) және спорт ғимаратының (М.Қойгелді көшесі, №173 а) қабылданған шешім бойынша Қазақстан Республикасының 28.09.2011 жылғы №1103 санды қаулысы мен ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитеті төрағасының 26.07.2011 жылғы бұйрығымен ресми мекеме ретінде қолдану шартымен қайтымсыз түрде берілгені және 2-оқу ғимаратының өткізу жұмыстарының толық (100 %) аяқталғаны анықталды.

Талқылау нәтижесінде өткізу жұмыстарының барысына Кеңес мүшелері ризашылықтарын білдірді.

***Шымкенттегі ғимараттарға (Байтұрсынов көшесі, 7А және Байтұрсынов көшесі, 63 мекен-жайындағы) байланысты ректораттың жаңа ұсынысын талқылау***

**8.** Ректор, 02.06.2012 жылғы Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінде Қазақстан заңнамасына сәйкес ашық тендер арқылы сатылуы мен сатылған қаржы есебінен Түркістан қалашығында әлеуметтік құрылымның салынуы жөнінде шешім қабылданған Байтұрсынов көшесі, 7А және Байтұрсынов көшесі, 63 мекен-жайындағы ғимараттардың сатылуы туралы мәлімет берді.

Ректор, комиссия тарапынан дайындалған есеп бойынша **(11-қосымша**) бұрын қабылданған «ашық тендер арқылы сатылуы» шешімінің университеттің салық жеңілдіктерін жоятынын, сондықтан осы шешімдің қайтадан қаралуы керек екендігін айта отырып, мынадай ұсыныс жасады.

а) Түркия есебінен алынған, қазіргі таңда Шымкент оқу-клиникалық база ретінде қолданылатын 2030 ш.м. қолдану алаңы бар 3 ғимараттың тікелей жеке Академиялық Инновациялық университетіне сатылуына (80.000 АҚШ доллары бағасымен),

## АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

b) Қазақстан Республикасы тарапынан мерзімсіз университетке берлiген төрт қабатты А.Байтұрсынов көшесіндегі №63 ғимараттың қасындағы бір қабатты 593 $м^2$ қосалқы ғимаратты, Түркістан қаласындағы Баян Батыр көшесі №2 мекен-жайындағы 2000 $м^2$ жекеменшік жер телімі мен сараптамадан өткен жобасын қоса колледж студенттеріне жатақхана құрылысын жүргізу мақсатында айырбастау жөнінде ұсыныс білдірілді.

Талқылау нәтижесінде

**8.1.** Талқылаулар нәтижесінде жоғарыда ауыстырылуы немесе сатылуы ұсынылған Байтұрсынов көшесі № 63 және №7[а] ғимараттың мемлекеттік білім беру ұйымдарына нарық бағасына сатылуы, өткізілуі, сатудан түсітін қаражаттың университетке берілуі немесе бұл ғимараттың университет меншігінде қалуы мәселесіндегі құзыретті Қ.Р.Білім және ғылым министрлігіне беру туралы шешім қабылданды.

***Шымкент клиникасының жер телімі мен ғимараттарының пайдалануы туралы ректорат есебін талқылау***

**9.** Ректор Шымкент клиникасының жер телімі мен ғимараттарының пайдалануы туралы есеп берді **(12-қосымша**).

a) Оңтүстік Қазақстан Медицина академиясының 2009 жылында жабылуы мен университетке өткізілуінен кейін студенттердің машықтану мен жұмыстарын Шымкент клиникасында өткізгендіктерін, Оңтүстік Қазақстанда жалғыз медицина факультеті университетімізде болғанын, Түркістандағы оқу-диагностикалық орталығының студенттер жұмыстары үшін жеткілікті еместігін, бұл клиникада 2000 мыңдай студент тәжірибе алғанын көрсете отырып, 14.048 ш.м. жабық қолдану алаңы және 4.9 га жер телімі бар Шымкент клиникасының университет құрамында қызмет етуін жалғастыру керек екендігін айтты.

b) Ректор Шымкент клиникасына осы күнге дейін Қазақстан Республикасы және университет тарапынан да ешқандай қаржы бөлінбегені, қажетті медициналық құрал-жабдықтардың алынбағаны, күрделі жөндеу мен модернизациялау жұмыстарының жүргізілмегені себебімен Шымкент клиникасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түрде 10-15 жылға жеке медициналық бизнес-құрылымдардың басқаруына беруді/өткізуді ұсынды.

Талқылау нәтижесінде

9.1. Жоғарыда айтылған мәселелердің Ректорат тарапынан мұқият қарастырылуы, бұл бағыттағы ұсыныстардың кезекті Өкілетті Кеңес мәжілісіне ұсынылуы туралы шешім қабылданды.

***Дайындық бөлімі тыңдаушыларының жағдайын талқылау***

**10.** ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушыларға дайындық бөлімінде 100 ғана гранттың бөлінуі себебімен, тыңдаушылардың жартысындай бөлігі Қазақстан Республикасы тарапынан тағайындалатын шәкіртақыны алмайды, бірақ оқу ақысын да төлемейді. Осы мәселеде ректораттың министрлікпен келісімге қол қойғаны анықталды.

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

**10.1.** Аталған гранттың жауапкершілігі Қазақстан Республикасына жүктелгендіктен және осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан қажетті шешім қабылданғаны себебімен, осы үдерістің аяқталуын күтуге шешім қабылданды.

***2013-2014 оқу жылы Түркия Республикасынан, түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және ТүрТЕП бағдарламасына қабылданатын студенттердің контингентін айқындау***

**11.** Ректораттың 2013–2014 оқу жылында Түркия Республикасынан, түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және ТүрТЕП бағдарламасына қабылданатын студент контингенті ұсынысы талқыланды және төмендегідей шешім қабылданды:

**11.1.** 2013-2014 оқу жылы Түркия Республикасынан төменде көрсетілген студент контингенті қабылдансын.

| Факультеті | Мамандығы | Коды | Студент саны (контингент) |
|---|---|---|---|
| Филология | Орыс тілі ж/е әдебиеті | 5В011800 | 5 |
| Филология | Ағылшын тілі ж/е әдебиеті | 5В021000 | 5 |
| Экономика | Менеджмент | 5В050700 | 8 |
| Экономика | Туризм менеджменті және отель ісі | 5В090200 | 5 |
| Заң | Халықаралық қатынастар | 5В020200 | 15 |
| Жаратылыстану | Математика | 5В010900 | 5 |
| Тарих және педагогика | Бастауышты оқытудың педагогикасы ж/е әдістемесі | 5В010200 | 5 |
| Медицина | Медицина | 5В130100 | 10 |
| **ЖАЛПЫ** | **ЖАЛПЫ** | | **58** |

**11.2.** 2013-2014 оқу жылында түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан Дайындық тіл үйрету орталығына қабылданатын студент контингенті және мемлекеттерге қарай таралымы төмендегідей бекітілсін.

| № | Ел және қауымдастықтар | Студент саны (контингент) | Жауапты тарап |
|---|---|---|---|
| 1 | Түркия | 58 | Ректорат |
| 2 | Әзірбайжан | 15 | Ректорат |
| 3 | Түрікменстан | 25 | Ректорат |
| 4 | Қырғызстан | 25 | Ректорат |

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Өзбекстан | 20 | Ректорат |
| 6 | Өзбекстан (Қарақалпақстан) | 10 | Ректорат |
| 7 | Афганистан | 5 | Ректорат |
| 8 | Молдова | 5 | Ректорат |
| 9 | Қытай ХР (ұйғыр) | 10 | Ректорат |
| 10 | *РФ Дағыстан Республикасы | 20 | Ректорат |
| 11 | РФ Кабардин-Малқар Респ. | 5 | Ректорат |
| 12 | РФ Қарашай-Черкес Республ. | 5 | Ректорат |
| 13 | РФ Алтай Республикасы | 3 | Ректорат |
| 14 | РФ Хакасия Республикасы | 5 | Ректорат |
| 15 | РФ Сібір | 3 | Ректорат |
| 16 | РФ Тува Республикасы | 20 | Ректорат |
| 17 | РФ Башқұртстан Республ. | 5 | Ректорат |
| 18 | РФ Чувашия Республикасы | 3 | Ректорат |
| 19 | РФ Саха Республикасы | 15 | Ректорат |
| 20 | РФ Татарстан Республ. | 3 | Ректорат |
| 21 | Басқа елдер | 10 | Ректорат |
| | **Жалпы контингент** | **270** | |

*РФ Дағыстан Республикасына бөлінген контингенттен 5 орын ноғай ұлысына (халқына) беріледі.

**11.3.** Грант және квотадан тыс, Қазақстан және Түркиядан тыс түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі талаптары (ережелері) шеңберінде ақылы негізде студент қабылдану туралы Ректорат өтініші қарастырылды, талқылау нәтижесінде Ректорат ұсынысының қабылдануы жөнінде шешім қабылданды.

**11.4.** Түркістан қашықтықтан білім беру факультеті 2013-2014 оқу жылында түрік тілінде білім беру бағдарламасына (ТҮРТЕП) колледж, бакалавриат және магистратура бағдарламаларына төменде көрсетілген студент контингенті қабылдансын.

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

| Бағдарлама | Мамандық/бағдарлама | контингент | DGS (ауысу емтиханы) контингенті |
|---|---|---|---|
| **Колледж** | Компьютер бағдарламалау | 50 | - |
| **Бакалавриат** | Компьютер инженерлігі | 150 | 50 |
| | Өндірістік инженерлігі | 120 | 50 |
| | Басқарудың ақпараттық жүйелері | 100 | 50 |
| **Магистратура** | Менеджмент | 300 | - |
| | Басқарудың ақпараттық жүйелері | 300 | - |
| | Компьютер инженерлігі | 200 | - |
| | Денсаулық сақтау мекемелерінің менеджменті | 350 | - |
| | Басқару және ұйымдастыру | 400 | - |
| | Білім беруді басқару және бақылау | 400 | - |
| | Жергілікті басқару | 300 | - |
| | **ЖАЛПЫ** | **2.650** | **150** |

**12.** Университет нақты мекен-жайының жазылуы мәселесі;

Университет Жарғысында университет орталығының мекен-жайы нақты көрсетілмей тек Қазақстанның Түркістан қаласында деп көрсетілуінің қазіргі талаптарға сәйкес болмауына байланысты, Ректораттың Жарғыға өзгеріс еңгізу туралы ұсынысы талқыланды және университеттің нақты мекен-жайы туралы төмендегідей шешім қабылданды:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің орталығы (мекен-жайы) «Қазақстан Республикасы Түркістан қаласы Бекзат Саттарханов даңғылы №29».

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

***Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығына байланысты шешімді түзету***

**13.** Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының координациялық орталық болуына және бұрынғы Түркістан ұзақтан білім беру факультетіне қарасты түрік тілінде ұзақтан оқыту мамандықтарын үйлестіру және жұмыстарын атқару мақсатында құрылуына байланысты Жоғары Білім беру кеңесіне бакалавриат бағдарламалары үшін бекітуге ұсынуға қажет болмағандықтан, осыған байланысты 02.06.2012 жылғы Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінде қабылданған:

«15.3. Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығының іс-шараларын Түркияда атқаратын болғандықтан, Ынтымақтастық Келісімнің 3-бабы 6-тармағына сәйкес, шешімнің Түркия Республикасының Жоғары білім беру кеңесінің бекітілуіне ұсынылуы туралы шешім қабылданды» шешімнің жойылуына шешім қабылданды.

***ТүрТЕП-те жаңа мамандықтар ашу ұсынысын талқылау***

**14.** Университет Сенатының 30/10/2012 жылғы 2-мәжілісінде қабылданған 5-шешім талқыланды. Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары (ТүрТЕП) құрамында, 2013-2014 оқу жылынан бастап Тарих-педагогика факультетінде «Білім беруде өлшеу және бағалау» магистратура бағдарламасының, Экономика факультетінде «Саясаттану және мемлекеттік басқару» магистратура бағдарламасы және «Туризм менеджменті» магистратура бағдарламасының ашылуына шешім қабылданды.

***Регламенттерге байланысты ұсыныстарды талқылау***

**15.** Университет тарапынан дайындалған регламент ұсыныстары талқыланды.

**15.1.** 02.06.2012 жылғы Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінде қабылданған 17.1.29-шешіммен күші жойылған «Түркістан қашықтықтан білім беру факультетінің құрылымдық және жұмыс істеу регламентінің» орнына «Түркістан қашықтықтан білім беру факультетінің құрылым және жұмыс істеу регламентінің» **(13-қосымша**) қабылдануына және 2012-2013 оқу жылынан бастап жүзеге асырылуына,

**15.2.** Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінде осы мәжілісте талқылануы шешілген «Академиялық құрылым және жұмыс істеу регламентінің» осыдан кейінгі мәжілісте қаралуына,

**15.3.** «Оқытушы-профессорлар құрамы туралы регламенттің»

«Университет профессор ғылыми атағын бере алмайды» деп жазылған 11.а.-бабының «Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көрсетілген жайттардан тыс жағдайларда, университет профессор ғылыми атағын бере алмайды» деп,

«Университет доцент ғылыми атағын бере алмайды» деп жазылған 12.а.-бабының «Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көрсетілген жайттардан тыс жағдайларда, университет доцент ғылыми атағын бере алмайды» деп өзгертілуіне;

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

**15.4.** «Жәрдемақы және сыйақы регламентінің» 10 бабында «Университетте қызмет атқаратын барлық оқытушы-профессорларға» сөйлемін «Университетте қызмет атқаратын барлық оқытушы-профессорларға және университетте немесе университеттің атынан магистратура/докторантурада білім алып жатқан барлық білімгерлерге» деп өзгертілуіне;

3-тармақшасындағы «А.Ясауи университетінде қызмет атқаруда болуы тиіс» сөйлемін «А.Ясауи университетінде қызмет атқаруда немесе университетте магистратура/докторантурада білім алуы тиіс» деп өзгертілуіне;

«тек университетіміздің оқытушы-профессорына ғана» сөйлемін «тек университетіміздің оқытушы-профессорына немесе магистрант, докторантына» деп өзгертілуіне;

**15.5.** «Өкілетті Кеңес Басқармасы қызметкерлер туралы регламентінің» 6-бабының қосымшасындағы Өкілетті Кеңес Басқармасы және ТүрТЕП-тің нормалық штаттық стандарттары кестелері бір бөлімдегі реттеулерге байланысты өзгеріс енгізу ұсынысы талқыланды. 02.06.2012 жылы Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған Өкілетті Кеңес Басқармасы және ТүрТЕП нормалық штаттық стандарттары кестесінде, штат санын өзгертпеу шартымен Өкілетті Кеңес төрағасына бөлімдерді қайтадан құруға және бөлімдер арасында штат алмасуға құқық берілуіне шешім қабылданды.

***Университетте салынатын әлеуметтік құрылымдарға байланысты ректорат ұсынысын талқылау***

**16.** Ректор, университетте құрылуы жоспарланған әлеуметтік құрылымдарға байланысты дайындық жұмыстары туралы мәлімет берді **(14-қосымша**). Талқылау нәтижесінде, төменде көрсетілген әлеуметтік құрылымдардың жоспарлы түрде салынуын, осы шеңберде қажетті жұмыстардың бастатылуына шешім қабылданды.

a) Бұрынғы қазандық ғимаратын жүзу бассейіне лайықтап қайта құру (коммерциялық бюджет),

b) 500 орындық жатақхана ғимаратының жобасын дайындату (коммерциялық бюджет) және құрылысын жүргізу (Қазақстан Республикасы бюджеті),

c) Университет меншігіндегі тұрғын үйді «60 орындық бала-бақшаға лайықтап қайта жарақтандыру» құрылысының жобасын дайындату (коммерциялық бюджет),

d) Студенттердің демалу, сауықтыру мен спорт қажеттіліктеріне байланысты сауда және ойын-сауық орындарын «құру-істету-өткізу» әдісімен құрылуы (жоба жасау Түркия Республикасы бюджеті)

e) кітапхана ғимаратының құрылыс және өңдеу жұмыстары (Түркия Республикасы бюджеті)

f) спорт кешенінің (футбол алаңы) салынуы (Түркия Республикасы бюджеті)

g)Түркия және Қазақстан Республикаларынан тыс мемлекеттерден келген ОПҚ және Түркістан қаласынан тыс аймақтардан жұмысқа келетін ОПҚ 40-50 кісілік коттедж құрылысы (Түркия Республикасы бюджеті)

**АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 43-МӘЖІЛІСІ ШЕШІМДЕРІ**

**Астана / Қазақстан** **19/12/2012**

***Университеттің танытылуы жолында атқарылған шаралар туралы ректорат ұсынысын талқылау***

**17.** Ректор университеттің танытылуына байланысты баспа және халықпен байланыстар бөлімінің атқарған шаралары туралы мәлімет берді **(15-қосымша**). Мәліметтен тиісті бөлім университеттегі ғылыми және мәдени шаралар туралы тиісті БАҚ өкілдеріне мәлімет бергені, университетті таныту туралы кейбір жұмыстар атқарғаны, газетерге жарнама бергендері, түркі дүниесі және туыстас қауымдастықтардан студент таңдау үшін танытым брошюраларын дайындағаны анықталды.

Талқылау нәтижесінде, университетті жарнамалау және таныту мақсатында бұл бағытта жұмыс атқаратын кәсіпқой бір фирманың қызметін пайдалану және шығындарын коммерциялық кірістерден төлену туралы шешім қабылданды.

***Алматыдағы ғимарат пен Еуразия ғылыми-зерттеу институтының мақсаттары туралы есепті талқылау***

**18.** Ректор Алматыдағы ғимарат жер телімінің университеттің мүлкіне алынуы, ғимараттың медициналық колледжге жалға берулуі, ғимараттың жөндеу жұмыстары, Еуразия зерттеу институты жұмыстарының құқықтық жағдайы туралы мәлімет берді.

Талқылау нәтижесінде атқарылған шаралардың нәтижесі оң бағаланып, осы бөлімнің зерттеу институты ретінде қызмет етудің маңызы баса айтылды.

Осыдан кейін Еуразия зерттеу институтының директоры доцент, доктор Мұрат Чемрек тарапынан институттың қызметтері мен мақсаттары туралы мәлімет берілді **(16-қосымша**).

***Әртүрлі мәселелер (ұсыныстар мен тілектер)***

**19.** Мүшелер, мәжілістің ұйымдастырылуы мен дайындық жұмыстары үшін ризашылығын білдіре отырып,

**19.1.** Осыдан кейінгі Өкілетті Кеңес мәжілісін университет бітірушілеріне арналған салтанатты жиын қарсаңында Түркістанда өткізу туралы ұсыныс білдірілді.

**1-қосымша**

**Өкілетті Кеңестің 43-мәжілісі**
19 / 12 / 2012, Астана/ҚАЗАҚСТАН

**Өкілетті Кеңес төрағасы,**
**профессор доктор Осман ХОРАТА**
Баяндама

Құрметті Өкілетті Кеңес мүшелері,

Өкілетті Кеңестің 43-мәжілісіне қош келдіңіз! Тығыз жұмыстарыңыз болса да, уақыттарыңызды бөліп, мәжіліске қатысуларыңыз арқылы құрметке бөлегендеріңіз үшін алдымен алғысымды білдіремін.

Өткен мәжілісіміз университетте бастаған маңызды өзгеріс кезеңінің алғашқы жиналысы болды. Бұл мәжілісте Ынтымақтастық келісімі мен жаңа Жарғыға сәйкес дайындалған регламенттер қабылданды. Ұзақ мерзімді дайындықты қажет еткен регламент жұмыстары, достарымыздың тиімді жұмыс атқаруларының арқасында мәжіліске дайын болды. Осыдан кейін, университетіміздің дербес, халықаралық мәртебесіне сәйкес құқықтық реттеулердің мұқият түрде жүргізілуі мен жүзеге асыру барысында пайда болған кемшіліктердің жойылуы керек. Басқармамыз алдағы уақытта бұл мәселені мұқият қадағалайтын болады.

19-24 қараша аралығында университетімізде Түркия және Қазақстан тарапынан мемлекеттік аттестация жүргізілді. Қазақстан тарапынан бес жылда бір рет өткізілетін және халықаралық келісімге сәйкес бұл аттестацияның бұдан бұрынғы тексерулерден айырмашылығы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шақыруы бойынша Түркия Республикасы өкілдерінің де мемлекеттік аттестация жұмыстарына алғаш рет қатысулары. Бұл Түркия тарапынан жасалған алғашқы сырттан тексеру болып табылады.

Жасалған аттестация университеттің соңғы бес жылдағы маңызды дамуын, сонымен қатар кейбір мәселелерде кемшін тұстардың жалғасып келгенін де көрсетті. Бұлардың бірқатары жөнінде қажетті шешімдер қабылданып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Бұдан былай басқа мәселелер де жоспарлы түрде қолға алынады. Осы мәселелерде ең үлкен жауапкершілік ректор мен ректор өкіліне жүктелетіні белгілі.

Осылардан тыс Өкілетті Кеңес Басқармасы ретінде өткен алты ай мерзімде атқарған жұмыстарымыздың маңыздылары туралы мәлімет бергім келеді.

- Түркі республикалары тәуелсіздіктерінің 20-жылдығы аясында Басқармамыз тарапынан дайындалған «Энергетикалық қатынастар контекстінде Түркия және Орталық Азия мемлекеттері», «Ресейдің Орталық Азия саясаты», «Қытайдың Орталық Азия саясаты», «Жаңа дәуірдің еңсесінен Еуразияның орталығы» атты есептер ағылшын тіліне аударылды. Осы шеңберде 2011 жылы 5-6 қазанда ұйымдастырылған «Тәуелсіздіктерінің жиырмасыншы жылында түркі республикалар: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан» атты халықаралық жиында жасалған баяндамалар баспаға дайындалды. Олар қазіргі таңда баспаханада.
- Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан «Түркия Республикасының құрған ортақ университеттерді зерттеу жобасы» құрамында Нұр Қырмызыдағ, Бекир С.Гүр, Түркер Курт және Невфел Бозға дайындаттырылған «Жоғары білімде шет елдермен ортақ тәжірибесі» атты есеп басылып, тиісті мекемелерге таратылды.
- Біліг журналының 62- және 63-сандары жарық көрді.
- Университеттің академиялық және әкімшілік қызметкерлерінен 20 кісілік топ Өкілетті Кеңесте қабылданған шешім бойынша Хажеттепе университетінде 1 ай мерзімді түрік тілін үйрену семинарына қатысты (22 шілде-20 тамыз).

- Анкара қаласында түрлі университеттерге магистратура, докторантура бағдарламалары және кәсіптік біліктілігін арттыру мақсатында Түркияға келген қазақстандық білімгерлер үшін Конья-Алания саяхаты ұйымдастырылды (27-29 қазан 2012).
- 2012-2013 оқу жылында Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан 4 магистратура, 6 докторантура бағдарламасына, 2 кәсіби біліктілікті арттыруға, 3 білімге қолдау көрсету және 10 мәдени және өнер шығармашылығы үшін жалпы 24 білімгерге шәкіртақы беріле бастады.
- Муғла университеті тарапынан ұйымдастырылған 26-халықаралық химия конгресіне университеттен 3 оқытушы-профессордың қатысуы қамтамасыз етілді (04 қазан 2012).
- Университеттің филология факультеті ағылшын тілі және әдебиеті кафедрасынан 10 оқытушы 10 маусым-2 шілде аралығында Стамбұл университетінде семинарға қатысу үшін Түркияға келді.
- 7 телеканал тарапынан жарияланған «Икбал мен аймақ аймақ» бағдарламасының Қазақстанда жасалатын түсірілімі үшін 3 кісілік топ 2012 жылы 02-05 қыркүйек аралығында Түркістанға жіберілді. Түркияда бұл бағдарламаға қызығушылық танытылды.
- Клиника-диагностикалық орталығындағы 2 доктор Гази университетінде медицина факультетінде біліктілігін арттыру үшін Түркияға келді (01 қараша 2012).
- Халықаралық қатынастар мамандығының 3 студенті 1 айға Стратегиялық ой институтында машықтану үшін Түркияға келді (18 маусым-16 шілде 2012).
- Университет баспаханасының бір қызметкері 10 күндік машықтану үшін Түркияға келді (19 шілде-1 тамыз 2012).
- «Қазақстанның Бірінші Президенті» күніне орай Өкілетті Кеңес Басқармасында «Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және түркі дүниесі» атты бағдарлама ұйымдастырылды. Жиналыста Өкілетті Кеңес төрағасы профессор, доктор Осман Хората «Лидер ретінде Назарбаев» атты баяндама жасады. Жиналыс туралы Қазақстан телеканалында хабар берілді.
- Басқармамыздың құрамында жұмысын жалғастырып келген Ясауи өнер тобы, университеттерден бастап ресми мекеме мен құрылымдардан келген шақыруларға байланысты елдің түрлі аймақтарында концерттер беріп келді. Атап айтқанда, 2-Деде Қорқыт фестивалі (Анкара, 06 маусым 2012), Астана күндері (Анкара, 7-8 қыркүйек 2012), Этимесгут әкімшілігі 9-халықаралық Анадолы күндері мәдениет және өнер фестивалі (Анкара, 14 қыркүйек 2012), 25-Ахилик аптасы мерекелері (Қыршехир, 20 қыркүйек), Ахи Эвран университеті Қазақстан дәрісханасының ашылу салтанаты (Қыршехир, 08 қазан 2012).

Құрметпен,

**3.1. Университет Президентінің 02.06.2012 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 42-мәжілісінен осы күнге дейін ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар туралы есебі**

**Оқу орны туралы**

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, қазіргі кезеңде бакалавриат бағдарламасы бойынша 56 мамандық дайындалуда. Магистратура бағдарламасы бойынша 30 мамандықтан, PhD докторлығы бағдарламасы бойынша 11 мамандықтан, резидентура бағдарламасы бойынша 3 мамандықтан, интернатура бағдарламасы бойынша 3 мамандықтан мамандар дайындалады. Барлығы–103 мамандық.

Университет басшылығы, факультеттер мен кафедралар халықаралық институционалдық аккредитациядан өтуге жоспарлы іс-шаралар атқарып, тиісті құжаттарын Ұлттық аккредиттеу орталығына жіберді.

Университеттегі оқу ғимараттары, жатақханалар және басқада қосалқы ғимаратттардың жалпы ауданы 308115,81 ш.м. болған. Университеттің Шымкент және Тараз филиалдарының жабылуына байланысты қолданыстағы ғимарат аудандары 112 914,81 $м^2$-ге кеміді.

Оқу ғимараттарының жалпы ауданы 90 809,42 ш.м. құрайды. Ашық және жабық спорт залдары мен алаңдарының ауданы 31 946,3 ш.м.-ге жетеді.

**2011-2012 оқу жылындағы бітірушілер туралы мәлімет**

Университетімізді 4 091 бакалавр, 123 магистр, 362 интерн бітіріп шығып, біліктіліктеріне сәйкес дипломдарын алды. (Кесте-1)

| № | Шифр | Мамандығы | Студент саны | Жұмысқа орналасқандар саны | Пайыздық көрсеткіші % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 50101 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 46 | 28 | 60,87 |
| 2. | 50102 | Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі | 149 | 78 | 51,66 |
| 3. | 50103 | Педагогика және психология | 126 | 86 | 68,25 |
| 4. | 50104 | Бастапқы әскери дайындық | 92 | 45 | 48,91 |
| 5. | 50106 | Музыкалық білім | 42 | 38 | 90,48 |
| 6. | 50107 | Бейнелеу өнері және сызу | 38 | 25 | 65,79 |
| 7. | 50108 | Дене шынықтыру және спорт | 152 | 84 | 55,26 |
| 8. | 50109 | Математика | 98 | 50 | 51,02 |
| 9. | 50110 | Физика | 28 | 16 | 57,14 |
| 10. | 50111 | Информатика | 133 | 31 | 23,31 |
| 11. | 50112 | Химия | 16 | 14 | 87,50 |
| 12. | 50113 | Биология | 125 | 84 | 67,20 |
| 13. | 50114 | Тарих | 60 | 31 | 51,67 |
| 14. | 50115 | Құқық және экономика негіздері | 31 | 9 | 29,03 |
| 15. | 50116 | География | 83 | 38 | 45,78 |
| 16. | 50117 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 108 | 72 | 66,67 |
| 17. | 50118 | Орыс тілі мен әдебиеті | 41 | 20 | 48,78 |
| 18. | 50119 | Шетел тілі: екі шет тілі | 142 | 68 | 47,89 |
| 19. | 50120 | Кәсіптік білім | 55 | 35 | 63,64 |
| 20. | 50201 | Философия | 3 | 2 | 66,67 |
| 21. | 50202 | Халықаралық қатынастар | 53 | 45 | 84,91 |
| 22. | 50203 | Тарих | 9 | 8 | 88,89 |
| 23. | 50205 | Филология | 12 | 6 | 50,00 |
| 24. | 50206 | Дінтану | 11 | 10 | 90,91 |
| 25. | 50207 | Аударма ісі | 6 | 3 | 50,00 |
| 26. | 50208 | Археология және этнология | 6 | 1 | 16,67 |
| 27. | 50210 | Филология: шетел филологиясы (ағылшын, түрік, қытай) | 33 | 27 | 81,82 |
| 28. | 50301 | Құқықтану | 358 | 185 | 51,68 |
| 29. | 5B040300 | Вокалдық өнер | 5 | 5 | 100,00 |
| 30. | 50404 | Дәстүрлік музыка өнері | 4 | 3 | 75,00 |
| 31. | 50407 | Актерлік өнер | 9 | 8 | 88,89 |
| 32. | 50409 | Хореография | 7 | 7 | 100,00 |
| 33. | 50414 | Графика | 11 | 4 | 36,36 |
| 34. | 50417 | Көркем өнер | 10 | 2 | 20,00 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 35. | 50419 | Мұражай ісі, та. және мед.ескерт. | 6 | 5 | 83,33 |
| 36. | 50421 | Дизайн (киім дизайны) | 38 | 22 | 57,89 |
| 37. | 50501 | Әлеуметтану | 4 | 2 | 50,00 |
| 38. | 50502 | Саясаттану | 5 | 3 | 60,00 |
| 39. | 50504 | Журналистика | 38 | 31 | 81,58 |
| 40. | 50506 | Экономика | 106 | 74 | 69,81 |
| 41. | 50507 | Менеджмент | 25 | 18 | 72,00 |
| 42. | 50508 | Есеп және аудит | 156 | 61 | 39,10 |
| 43. | 50509 | Қаржы | 236 | 155 | 65,68 |
| 44. | 50510 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 92 | 48 | 52,17 |
| 45. | 50601 | Математика | 0 | 0 | 0 |
| 46. | 50602 | Информатика | 22 | 24 | 109,09 |
| 47. | 50604 | Физика | 11 | 8 | 72,73 |
| 48. | 50606 | Химия | 1 | 1 | 100,00 |
| 49. | 50607 | Биология | 64 | 52 | 81,25 |
| 50. | 50608 | Экология | 6 | 6 | 100,00 |
| 51. | 50702 | Автоматтандыру және басқару | 45 | 32 | 71,11 |
| 52. | 50703 | Ақпараттық жүйелер | 1 | 0 | 0,00 |
| 52. | 50704 | Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету | 48 | 35 | 72,92 |
| 53. | 50718 | Электроэнергетика | 37 | 34 | 91,89 |
| 54. | 50731 | Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің Қауіпсіздігі | 6 | 6 | 100,00 |
| 55. | 50732 | Стандарттау, метрология және сертификаттау | 12 | 10 | 83,33 |
| 56. | 50902 | Туризм | 43 | 38 | 88,37 |
| 57. | 51301 | Емдеу ісі (бакалавриат) | 288 | 0 | 0,00 |
| 58. | 51106 | Шығыс медицинасы (интерндер) | 13 | 13 | 100,00 |
| 59. | 51101 | Емдеу ісі (бакалавриат) | 290 | 0 | 0,00 |
| 60. | 51101 | Емдеу ісі (интернатура) | 201 | 200 | 99,50 |
| 61. | 51102 | Педиатрия (бакалавриат) | 45 | 0 | 0,00 |
| 62. | 51102 | Педиатрия (интернатура) | 64 | 64 | 100,00 |
| 63. | 51104 | Стоматология (бакалавриат) | 33 | 0 | 0,00 |
| 64. | 51104 | Стоматология (интернатура) | 51 | 50 | 98,04 |
| **Барлығы** | | | **4091** | **2160** | **52,80** |

**Ескерту:** медицина мамандықтары бойынша бакалавриаттың бітірушілері (емдеуі ісі, педиатрия, стоматология) дипломдарын алғанымен жұмысқа орналасуға құқығы жоқ.. Олар жұмысқа орналасу үшін міндетті түрде бакалавриаттан кейін резидентураны бітіру керек. Осыған байланысты медицина мамандықтары бойынша бакалавриат бітірушілерінің жұмысқа орналасқаны бұл кестеде есептелмеген.

## 2012-2013 оқу жылына қабылданған білімгерлер туралы

2012 жылдың қыркүйек айында Мемлекеттік білім беру гранты бойынша 622 студент қабылданды. Бұл өткен 2011-2012 оқу жылымен салыстырғанда 23,5%-ға артқан.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Өкілетті Кеңесінің 02.06.2012 жылғы 42 мәжілісінің шешімі негізінде 2012-2013 оқу жылына Түркия Республикасы тарапынан бакалавриат бағдарламасына қабылданатын студент контингентінен 58 орын бөлінді.

2012 жылы бакалавриаттың І-ші курсына жалпы 1 558 студент қабылданды – күндізгі бөлімге 1 322, сыртқы бөлімге -236. Мемлекеттік грант негізінде қабылданған студенттердің саны сәйкесінше–622. Бұл өткен 2011-2012 оқу жылымен салыстырғанда 23,5%-ға артқан. Докторантура бойынша 11 мамандықтан 2012-2013 оқу жылына–73 білімгер қабылдану жоспарланған болса, нәтижесінде 31 докторант қабылданды. Оның ішінде: 11 білімгер грант негізінде, 20 білімгер Түркия квотасы негізінде. Магистратура бойынша 30 мамандықтан 2012-2013 оқу жылына – 255 білімгер қабылдану жоспарланған. Нәтижесінде 156 білімгер қабылданды. Оның ішінде: 106 білімгер грант негізінде, 50 білімгер Түркия квотасы негізінде. Резидентура бойынша 13 резидент қабылдану жоспарланып, 13 резидент грант негізінде қабылданды.

Дайындық бөліміне 200 тыңдаушы, кәсіби колледжге 480 студент қабылданды. Барлығы 2 438 білім алушы болды.

**Қабылданған білімгерлердің саны**

**2-кесте**

| 2012-2013 оқу жылы | Күндізгі бөлім | | | Сыртқы бөлім | | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ҚР. грант | Ақылы | ТР. квота | Грант | Ақылы | |
| Дайындық | 200 | 0 | 0 | 0 | 0 | **200** |
| Колледж | 180 | 425 | | | 55 | **480** |
| Бакалавр | 622 | 700 | 55 | | 236 | **1 558** |
| Магистратура | 106 | 50 | 0 | 0 | 0 | **156** |
| Докторантура | 31 | 11 | 20 | 0 | 0 | **31** |
| Резидентура | 13 | | | | | **13** |
| **Барлығы** | | | | | | **2 438** |

## Студенттер туралы

Университетте әлемнің 16 мемлекетінен келген 14 782 жастар білім алуда. Оның ішінде, дайындық курсын қосқанда 5 763 студент күндізгі бөлімде, 2 771 студент сыртқы бөлімде, 4 960 студент қашықтықтан оқыту жүйесі (ТҮРТЕП), Түркиядан 265, Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтан 1 023 студент білім алуда (3-кесте).

**Студенттердің 2012 ж. желтоқсан айының контингенті**

**3-кесте**

| Елдер | 2008-2009 | 2009-2010 | 2010-2011 | 2011-2012 | **2012-2013** |
|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан (Күндізгі бөлім) | 10.044 | 8.849 | 6.961 | 6102 | **5 763** |
| Қазақстан (Сыртқы бөлім) | 10.288 | 8.138 | 6.354 | 4883 | **2 771** |
| Түркия | 422 | 568 | 377 | 338 | **265** |
| Түркия (Қашықтықтан білім беру-ТҮРТЕП) | 2.186 | 2.276 | 2833 | 3699 | **4 960** |
| Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар | 1.294 | 1.085 | 976 | 679 | **1 023** |
| Барлығы | 24.234 | 20.916 | 17.501 | 15.701 | **14 782** |

Төменде көрсетілген кестелер мен суреттерден байқалып отырғандай, 2012-2013 оқу жылын алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда студент контингенті 5,8 %-ға азайған. Бұл жағдай, бір жағынан Шымкент және Тараз институттарына студент қабылданбауы, келесі бір себеп сырттай оқыту бағдарламаларына студенттердің аз мөлшерде қабылдануынан туындаған. Негізінен, бұл өзгерістер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің және университет Өкілетті кеңесінің алған шешімдеріне сәйкес келеді.

Келесі кестеде, студенттердің Түркі тілдес мемлекеттер, туыстас қауымдастықтар мен ұлт өкілдеріне қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері көрсетілген **(4- кесте).**

**Түркі тілдес мемлекеттер, туыстас қауымдастықтар мен ұлт өкілдеріне қарай білім алып жүрген білімгерлер туралы мәлімет**

**4-кесте**

| № | Мемлекеттер мен қауымдастықтар | Ұлт өкілдері | Студент контингенті |
|---|---|---|---|
| 1. | **ТҮРКИЯ** | түрік | 276 |
| | **Барлығы:** | | **276** |
| 2. | **РЕСЕЙ:** | | |
| | Башқұртстан | башқұрт | 11 |
| | Татарстан | татар | 9 |
| | Тыва | тыва | 39 |
| | Хакасия | хакас | 7 |
| | Сібір (Шория) | шор | 8 |
| | Саха (Якутия) | саха | 25 |
| | Карашай-Черкес | 3 қарашай, 3 шеркес | 6 |
| | Кабардин-Балкар | 3 кабардин, 4 балқар | 7 |
| | **Дағыстан** | | |
| | | кумык | 16 |
| | | ногай | 15 |
| | | Алтай | 2 |
| | | Шешенстан | 1 |
| | **Барлығы** | | **146** |
| 3. | **ӨЗБЕКСТАН:** | | |
| | | өзбек | 110 |
| | | қазақ | 14 |
| | | қарақалпақ | 13 |
| | | ақысты түрік | 9 |
| | | әзербайжан | 1 |
| | **Барлығы:** | | **147** |
| 4. | **МОЛДОВА** | гагауз | **5** |
| 5. | **ҚЫРҒЫЗСТАН** | кырғыз | 119 |
| | | қазақ | **6** |
| | | өзбек | **5** |
| | | ақыста түрік | **8** |
| | **Барлығы** | | **130** |
| 6. | **ТҮРІКМЕНСТАН** | түрікмен | **299** |
| 7. | **ҚЫТАЙ** | ұйғыр | **122** |
| 8. | **МОҢҒОЛИЯ** | 1 қазақ,, 8 моңғол | **9** |
| 9. | **ТӘЖІКСТАН** | тәжік | **2** |
| 10. | **ӘЗЕРБАЙЖАН** | әзербайжан | **49** |
| 11 | **СИРИЯ** | туркмен | **2** |
| | | түрік | **2** |
| | | өзбек | **6** |
| | **Барлығы** | | **10** |
| 12. | **АУҒАНСТАН** | ауған | **6** |
| | | өзбек | **5** |

| | Барлығы | | 11 |
|---|---|---|---|
| 13. | **БОЛГАРИЯ** | болгар | **2** |
| 14. | **МАКЕДОНИЯ** | македон | **4** |
| 15. | **ИРАН** | ирандық | **1** |
| | **Б А Р Л Ы Ғ Ы** | | **1 233** |

**Студенттердің оқитын қалаларына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері**

**5 - кесте**

| | Түркістан | Кентау | Шымкент Медицина | Шымкент | Тараз | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2008-2009 | 7.758 | 4.979 | 389 | 6.513 | 4.595 | 24.234 |
| 2009-2010 | 12.329 | 196 | 1.654 | 4.191 | 2.546 | 20.916 |
| 2010-2011 | 12.576 | 196 | 1539 | 2176 | 1014 | 17. 501 |
| 2011-2012 | 14. 260 | 168 | 1280 | - | - | 15 708 |
| **2012 ж. желтоқсан айының контингенті** | **13 624** | **110** | **1 158** | **-** | **-** | **14 782** |

Жылдар бойынша студенттердің оқу-ақысын қаржыландырылуына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері **6-шы кестеде** берілген.

**Студенттердің оқу-ақысын қаржыландырылуына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері**

**6 - кесте**

| Қаржыландыру түрі | 2009-2010 | 2010-2011 | 2011-2012 | **2012-2013** |
|---|---|---|---|---|
| Грант | 3.784 | 2.955 | 3.313 | **2 735** |
| Ақылы (коммерциялық) | 15.287 | 18.931 | 12.574 | **10 727** |
| Түркия квотасы | 931 | 1.477 | 894 | **550** |
| Қазақстан квотасы (ТТЕ гранты) | 914 | 871 | 720 | **770** |

Күндізгі бөлім студенттерінің 2 567-і, сыртқы бөлім студенттерінің 168-і Қазақстан грантында стипендиямен білім алуда. Қазақстанның білім беру шығындарын қаржыландыру жөніндегі көмегі барған сайын артумен бірге, ақылы білім алып жүрген студент саны мен Туркия тарапынан берілген квота Өкілетті кеңес шешімімен жыл сайын азаюда.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде университетіміздің құрамында жалпы 269 магистрант білім алуда, мұның ішінде 178-і грант иегері, 72 PhD докторант білім алуда, мұның ішінде 21-і мемлекеттік грант негізінде білім алуда.

Бұдан басқа стипендия және оқу шығындары Өкілетті кеңес басқармасы тарапынан қаржыландырылуымен университетіміздің 5 оқытушысы Туркия университеттерінде магистратура, ал 5 оқытушы болса докторантурада білім алуда.

**Оқу-әдістемелік жұмыстары туралы**

Университетті жарнамалау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі. Өкілетті кеңестің шешімімен ХҚТУ-і мамандықтарын таңдаған ең үздік студенттерге арнайы сыйақы берілді.

Университетте сырттан оқыту түрін қашықтан оқыту технологиясына өткізу бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

ҚР БжҒМ 20.04.2011 ж. N152 санды бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі талаптарына сәйкес білім берудің оқу бағдарламаларына және оқу жоспарларына ECTS бойынша кредиттерді қайта санаудың Қазақстандық жүйесі, академиялық ұтқырлыққа негізделген модульдік білім беру бағдарламалары талаптары енгізілу үстінде.

Студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында Хажеттепе университетінде медицина факультетінің мамандығы бойынша III курстың 10 студенті бір семестр ағылшын тілінде оқып келді. Академиялық ұтқырлығын дамыту мақсатында медицина факультетінің м.ғ.д., профессор Шалхарова Ж.С.бір семестрге Түркияға сабақ беру мақсатымен жіберілді.

- Университеттің 30 оқытушы, қызметкері Түркия Республикасына бірайға ағылшын тілін жетілдіру, түрік тілін үйрену, тәжірибе алмасу мақсатында Өкілетті Кеңес қолдауымен барып келді.
- Профессор-оқытушыларға шаққанда студент саны орта есеппен: 2012-2013 оқу жылында 10.
- Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес тұтынушының қанағаттануын зерттеу мақсатында емтихандық сессиялар аяқталған соң студенттердің барлығына компьютерлік сауалнамалар жүргізілді. Осы мақсатта бітіруші студенттер, магистранттардан, докоранттар және ОПҚ, қызметкерлерден арнайы сауалнама алынды.
- Босаған мемлекеттік білім беру гранттарының орнына жазғы сынақ-емтихан қорытындысы бойынша ақылы негізде оқитын студенттердің құжаттары дайындалып, ҚР Білім және Ғылым министрлігіне конкурсқа ұсынылды, олардың 9-на білім беру гранттарын тағайындау туралы бұйрық алынды.
- Жаңа мамандықтар жіктеуішінің қолданысқа ендірілуіне байланысты 2012-2013 оқу жылына қабылданатын студенттер үшін барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспары жасалынып, бекітілді.
- Университеттің оқу үдерісі кестесіне сәйкес мамыр айында көктемгі емтихан сессиясы, маусым айында 2011-2012 оқу жылында академиялық қарызы бар студенттерге жазғы ақылы семестр ұйымдастырылып, ережеге сай өткізілді.
- Студенттер мен профессор-оқытушылардың тілдерді меңгеру деңгейін көтеру үшін олармен тегін тіл дәрістері өткізілді.
- Шілде айында қорытынды ведомосттар дайындалып, курстан-курсқа көшу үшін GPA баллдар есептелді, стипендияға ұсыныс жасалды, министрлікке форма 34 үлгідегі есеп дайындалды.
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына білім беру ұйымдарына тәуелсіз оқыту сапасына мониторинг жүргізу үшін сәйкес 2011-2012 оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) рәсімі енгізілді. ОЖСБ-ның ерекшелігі -ОЖСБ нәтижелері әрбір білім беру ұйымдарындағы көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы оқушыларды, студенттерді, ата-аналар жұртшылығын кең көлемде хабардар ету үшін пайдаланылатын болады. Бұл ретте, жеткілікті даярлау деңгейін қамтамасыз етпеген білім беру ұйымдардың жағдайдын өзгерту үшін Білім және ғылым министрлігінің тарапынан шұғыл шаралар қабылдайтын болады.

2012 жылғы қарашаның 13 мен 14 аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) дайындықтың үш бағыты бойынша білім алатын (білім беру, экономика және бизнес, құқық (16 мамандық) оқудың күндізгі нысанындағы университеттің бітіруші курс студенттері үшін өткізілді.

Рәсімге **225** бітіруші қатысты. ОЖСБ кешенді тестілеу нысанында 4 пәннен: 2 базалық және 2 бейінді пәндері бойынша өткізілді.

Орташа балл **132** құрады. Орташа пайызы **66**.

Ең жоғары **165** балды (мүмкін болған **200** балдан) қаржы мамандығының студенті жинады.

Оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың мамандықтар бойынша нәтижелері төменде көрсетілген кестеде берілген.

**Оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың мамандықтар бойынша нәтижелері**

**7-кесте**

| Реті | Мамандықтың шифры | Мамандықтың аты | Қатысқан студенттер саны | Ең үлкен ұпай | Ең кіші ұпай | Орташа ұпай | Орташа пайызы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 5В010100 | Мектепке дейінгі оқыту ж/е тәрбиелеу | 9 | 154 | 133 | 142 | 71 |
| 2 | 5В010200 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 9 | 151 | 135 | 147 | 73,5 |
| 3 | 5В010300 | Педагогика ж/е психолог. | 21 | 134 | 104 | 120 | 60 |
| 4 | 5В011100 | Информатика | 18 | 154 | 100 | 127 | 63,5 |
| 5 | 5В011400 | Тарих | 8 | 160 | 120 | 137 | 68,5 |
| 6 | 5В011600 | География | 22 | 149 | 111 | 131,6 | 65,8 |
| 7 | 5В030100 | Құқықтану | 26 | 161 | 133 | 151 | 75,5 |
| 8 | 5В050600 | Экономика қазақ тобы | 19 | 147 | 86 | 118,6 | 59,3 |
| 9 | 5В050600 | Экономика орыс тобы | 22 | 153 | 97 | 124,6 | 62,3 |
| 10 | 5В050700 | Менеджмент | 12 | 155 | 119 | 132,8 | 66,4 |
| 11 | 5В050800 | Есеп және аудит | 23 | 148 | 88 | 125,6 | 62,8 |
| 12 | 5В050900 | Қаржы | 36 | 165 | 94 | 125,5 | 62,75 |

**Оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың университет бойынша нәтижелері**

**8-кесте**

| Қатысқан студенттер саны | Ең үлкен ұпай | Ең кіші ұпай | Орташа ұпай | Орташа пайызы |
|---|---|---|---|---|
| 225 | 165 | 86 | 132 | 66 |

- Қараша айының 27 жұлдызы мен желтоқсан айының 1 жұлдыздары аралығында университеттің медициналық білім беру орталығында «Денсаулық сақтау мемлекеттік мекемелер мамандарының біліктілігін арттыру» бағдарламасы аясында біліктілігін арттыру курсы өткізілді.Курсқа 5 мемлекеттік медициналық университеттің және 12 мемлекеттік медициналық колледждердің оқытушылары қатысып, біліктілігін арттырды.

## Ғылым саласы бойынша

2012 қыркүйек айының 3 жұлдызында Мәскеуде Ғылыми ашылым және өнертапқыштықтың Халықаралық авторлар академиясы техн.ғ.д., профессор Л.Т.Ташимовтың «Явление вторичного пенообразования при встречном массоовом источении легкой фаз (газового потока) в тяжелую (жидкость) через перфорированную область» атты ғылыми жұмысын **Ғылыми ашылым** деп танып, №438 Диплом берілді.

- Қыркүйек айының 17-22 жұлдыздары аралығында экология мамандығының 1 курс магистранты, ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы ИКОМОС Ұлттық Комитетінің мүшесі (ИКОМОС – Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындауды қорғау мәселелері жөніндегі Кеңесі) Бейсембаева Ляззат Шанхай қаласында «The Regional World Heritage Workshop for Asia» атты Аймақтық практикалық семинарға қатысып «Физическое состояние мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави и его охранной зоны» атты тақырыпта ағылшын тілінде баяндама жасады.
- Қыркүйек айының 20 жұлдызында 2012-2014 жылдарға арналған ҚР БжҒМ гранттық қаржыландыру конкурсында университет ғалымдары, алдыңғы ҚР БжҒМ 7 жобасы мен ҚР Мәдениет Министрінің бір жобасына қосымша 2012 жылдың IV

кварталына жалпы қаржыландыру көлемі **10 500 000 теңгені** құрайтын тағы 5 гранттық жобаны ұтты. Олар:

1. Разработка и внедрение новых способов снижения воздействий грунтовых вод, атмосферных и других техногенных загрязнений на сохранность памятника всемирного наследия «мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави» и «мавзолея Арыстан-Баба» на основе комплексного экологического мониторинга. **Жетекшісі техн.ғ.д., профессор Акбасова А.Ж (Экология институты).** Атқарылған жұмыстар:

Экологиялық тұрғыдан ескерткіштердің қазіргі күйін бағалау жұмыстары алғаш рет басталды. Ескерткіштер жағдайына түрлі табиғи және антропогендік факторлардың (эндогенді және экзогенді үдерістердің) кешенді әсерлері синергизм эффектісінің орын алуына айқын негіз екені туралы тұжырым туындалып отыр.

Ескерткіштердің қазіргі шақтағы нақты күйлеріне сипаттама жасалды. Кешенді теориялық және физикалық, физикалық-химиялық, химиялық және көзбен шолу (фотобелгілеу) әдістерін қолдану арқылы алынған тәжірибелік зерттеулер нәтижелері негізінде алуантүрлі факторлардың әсері мен олардың ескерткіштер күйіне тигізетін деңгейі айқындалды. Қайта жөндеуде қолданылған тарихи және қазіргі кездегі құрылыс материалдарының бұзылу себептеріне болжам жасалды. Оларды дәлелдеу алдағы кезде бірқатар орнықты зерттеулерді қажет ететіні сөзсіз.

Жобаға 2 докторант, 2 магистрант, 2 бакалавр қатысуда.

2. Проведение геологических исследований глауконитовых месторождений Южно-Казахстанской области с дальнейшим применением глауконитов в сельском хозяйстве. **Жетекшісі геолого-минералогия ғылымдарының кандидаты, доцент Курбаниязов С.К (Экология институты).**

3. XXI век: культурные взаимоотношения, единство и развитие Тюркского мира. **Жетекшісі фил.ғ.к., доцент Мамбетов К.С (Түркология институты).**

Бұл тақырыпты дәйектеу мақтасында Түрік дүниесі бірлігінің тарихи алғышарттарын көрсететін материалдар жиналды. Тақырыпты тереңірек зерттеу үшін тарихи – салыстырмалы сараптама әдісі, жүйелілік келіс, сондай-ақ өркениеттік теория қолданылды.Сонымен бірге көне түркілердің территориялық аумағы және этногенезы көрінісін тапқан материалдар ғылыми айналымға енгізіледі.Зерттеу міндеттерінің бірі Түркістан аумағы халқының арасында әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізу болып табылады. Әлеуметтанулық сауалнаманың мақсаты түрік дүниесінің бірлігі проблемалары туралы тұрғындардың пікірін анықтау және қосымша ақпарат алу.

4. Разработка операторных и спектральных методов решения краевых задач для эллиптических уравнений и их дробных аналогов. **Жетекшісі ф-м.ғ.д., профессор Турметов Б (Математика кафедрасы).**

Ғылыми жоба бойынша 7 қызметкер ( 2 доктор, 1 кандидат, 1 магистр оқытушы, 3 PhD докторант ) жұмыс істейді. Жоспарланған жұмыстар толық орындалды. 2012 жылдың жоспарында «Операторлық әдісті қолданып Лаплас және Пуассон теңдеулері үшін кейбір шеттік есептердің шешілімділігі мәселелерін зерттеу» және «Лаплас теңдеуі үшін жартыдөңгелекте берілген шеттік есептерді спектралдық әдіспен шешу» мәселелері жоспарланған болатын.

Ғылыми - зерттеу жұмыстарды жүргізу нәтижесі:
импакт-факторы бар журналда - 1 мақала,
SCOPUS базасына енген журналда - 2 мақала,
РК ЖАК тізіміне енген журналда - 3 мақала,
5 халықаралық конференцияның жұмыстарының материалдарында 6 мақала
Жалпы 12 мақала баспада жарияланды.

5. Разработка основных направлений социально-экономического развития малых и монопрофильных городов (на примере городов Туркестан и Кентау). **Жетекшісі э.ғ.д., профессор Мырзалиев Б.С.(Менеджмент кафедрасы**)

Ғылыми жоба бойынша Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан және Кентау шағын және бір салалы қалалардағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің дамуы, яғни экономикалық, демографиялық жағдайы, халықтың жұмыспен қамтылуы, сонымен қатар депрессивті аймақтардағы қалалық шаруашылықтың дамуының тең дәрежеде жұмыс істеу тетіктері ашылып зерттелуде. Қазіргі танда 3 мақала жарық көрді.

- Қыркүйек айында 3 оқытушы ҚР БжҒМ «Болашақ» бағдарламасы конкурсының грантына иегер атанып шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуге жіберілді:

- «Жалпы тарих» кафедрасының профессоры, т.ғ.д. А.И. Исмаилов - Ресей ғылымдар академиясының «Тарих» институтына;
- «Туризм» кафедрасының аға оқытушы А.А.Жаксыбаева – Ресей Мемлекетінің Новосибирск мемлекеттік аграрлық университетіне;
- «Шетел тілдері» кафедрасының магистр - оқытушысы Ф.А. Дадажанов – Ұлыбритания Мемлекетінің Кембридж университетіне.

- Қыркүйек айының 26 жұлдызы күні Түркия Республикасының Гази университеттеріне магистратураға 4 – уі және 6 – уы докторантура бағдарламасы бойынша оқуға жіберілді.
- Қазан айында Халықаралық TEMPUS (ТЕМПУС) бағдарламасының Европа және Орта Азия елдерінің университеттерімен бірлескен 2 - ші жобасын жеңіп алды, жалпы қаржыландыру көлемі **835 178,35** евроны құрайды, тақырыбы «Интегрированное управление водооборотом: повышение способности, квалификации и влияния в образовании и в бизнесе». Жоба жетекшісі техн.ғ.д., профессор Л.Т.Ташимов.
- Сонымен қатар, 2009 жылдан бері орындалып келе жатқан TEMPUS (ТЕМПУС) бағдарламасы негізінде жалпы қаржыландыру көлемі **990 000 евро**, (TEMPUS 158918-TEMPUS-2009-AT-JPCR) "Учебные компетенции и инфраструктура для электронного обучения и переподготовки" атты жобасы 2013 жылға дейін создырылды.
- Қазан айының 9-10 жұлдыздары аралығында университетте ҚР БжҒМ гранттық қаржыландыру бойынша орындалып жатқан жетекшісі м.ғ.д., профессор **Ғ.М. Еликбаевтың** «Разработка оптимального подхода к ранней диагностике и хирургическому лечению врожденных пороков развития центральной нервной системы» атты жобасы негізінде «Инновациялық технологияларды балалар нейрохирургиясында қолдану» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Семинарға Ресейден келген Мәскеу бала хирургиясы және педиатрия ҒЗИ «Балалар нейрохирургиясы» кафедрасының меңгерушісі м..ғ.д., профессор Д.Ю. Зиненко және Өзбекстаннан келген Ташкент медициналық педиатриялық институтының «Неврология және нейрохирургия» кафедрасының меңгерушісі м.ғ.д., профессор Д.А. Мирсадыков және т.б. ғалымдар қатысып, баяндама жасап, студенттер, магистранттар мен докторанттарға лекциялар оқыды. Семинар соңында Мәскеуден келген профессор Д.Ю. Зиненко 1,5 айлық 4 кг салмақтағы туа біткен ми ақауы бар Қадыржанов Шадиярға Вентрикулоатриумстомия, яғни ми карыншаларының ішіндегі артық сұйықты жүрек қарыншаларына тасымалдау отасын жасады. Ота болғаннан 3 апта кейінгі бақылау кезінде түсірілген томографиялық көрініске қарағанда ми суының сұйықтығы 30% - ға азайған. Қазіргі таңда баланың тәбеті жақсы және ол салмақ қосуда.
- Қараша айының 3 жұлдызында Түркия Республикасының Гази университетіне 4 айға 3 және қазан айының 3 жұлдызы күні Йылдырым Беязит университетіне 2 жылға 2 клиника дәрігер кәсіптік біліктілігін арттыруға жіберілді.
- Қараша айының 1-6 жұлдыздары аралығында техн.ғ.д., профессор А.Ж.Акбасова, техн.ғ.к., доцент Ә.Т.Мейрбеков, х.ғ.к., доцент Р.Н.Нұрділлаева мен Б.С.Абжаловтар Түркия Республикасының Мугла қаласында өткен Халықаралық химия конгресіне қатысып, баяндама жасады.
- Қараша айының 16 жұлдызында ҚР БжҒМ гранттық қаржыландыру бойынша орындалып жатқан жетекшісі фил.ғ.к., доцент К.С. Мамбетовтың «XXI век: культурные взаимоотношения, единство и развитие Тюркского мира» атты жобасы негізінде «Елбасы және түркі әлемі» ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Конференцияға облыстық ассамблея мәдени ошақтарының өкілдері және университет оқытушы профессорлары мен студенттері қатысты.
- Қараша айының 17-18 жұлдызында м.ғ.д., доцент Ж.С.Шалхарова Түркия Республикасының Анкара қаласында «Медициналық білім беру саласында симуляциялық әдістерді қолдану» атты 2-ші Халықаралық конференцияда «Использование ролевой игры для безопасности пациентов диабетической нейропатии» атты тақырыпта ағылшын тілінде баяндама жасады.
- Қараша айында университетіміздің профессоры тех.ғ.д. А.Ж.Акбасованың «Ростостимулирующие и бактерецитные препараты» атты монографиясы Германияда басылып шықты.

- Қараша айының 20 жұлдызында Мәскеу қаласында Экология ғылыми – зерттеу институтының директоры техн.ғ.д., профессор А.Ж.Акбасова өнертапқыш саласына қосқан үлесі үшін Ресей жаратылыстану академиясының А.Нобель медалімен марапатталды, Ресей жаратылыстану академиясының корреспондент мүшелігіне сайланды және Ресей жаратылыстану академиясының «Құрметті профессоры» атағы берілді.
- Маусым – желтоқсан айлары аралығында импакт факторлы журналдарда 5 мақала жарияланды. Олар:

1. Б.Т.Калимбетов, М.А.Темирбеков, Ж.О.Хабибуллаев «Asymptotic Solitions of Singular Perturbed Problems with an Instable Spectrum of the Limiting Operator». Abstract and Applied Analysis, Volume 2012, Article ID 120192, 16 pages, Түркия, Анкара.
2. Б.Х.Турметов «Некоторые свойства и применения интегродифференциальных операторов типа адамара – маршо в классе гармонических функций». Сибирский математический журнал, Июль-август, 2012, Том 53, №4, Россия, Новосибирск.
3. М.А.Садыбеков, Н.С.Иманбаев «On the Basis Property of Root Functions of a Periodic Problem with an Integral Perturbation of the Boundary Condition». Differential Equations, Vol 48, No 6, 2012, Россия, Москва, МГУ;
4. А.А.Исаханова, С.М. Жакупов, З.Б.Мадалиева, А.А. Толегенова «Psychological Research of Ethnic Prejudices». World Academy of Science, Engineering and Technology, Нидерланды, Амстердам.
5. Қ.Бажиров «Управление инновационным процессом технологического развития предприятия стройиндустрии». Строительные материалы, №6, Россия, Москва, июнь 2012.

- Сонымен қатар, қыркүйек айында университеттің профессоры Г.Елікбаев «Жұлын-ми жарығының ауыр түрлерін емдеу тәсілі» және «Омыртқа мен жұлынның ақауларын хирургиялық емдеуден соң нәтижелерін бағалау тәсілі» атты № №26021 және № №26019 инновациялық патенттер алды.
- Қыркүйек айында Түркия Бурслар бағдарламасы бойынша университетіміздің «Экономика» кафедрасының магистр оқытушысы К.К. Ахметов Коня қаласындағы Сельжук университетіне, аударма орталығының аудармашысы, магистр Н.Джунаева Анкара университетіне докторантураға оқуға түсті.
- Қазан айында университетіміздің «Дизаин және бейнелеу» кафедрасының магистр-оқытушысы М.М.Езиева өз бетінше докторантураға құжат тапсырып, Анталия қаласындағы Ақдениз университеті, Өнер мамандығына ТР-ң грантына оқуға түсті.
- Қазан айынан бастап ОПҚ рейтингісің автоматты түрде бақылау компьютерлік модуль іске қосылды. Нәтижесінде рейтингтік жүйе ОПҚ-мен қатар кафедралардың, факультеттердің салыстырмалы көрсеткіштерін бақылауға және стратегиялық жоспардың орындалу динамикасын анықтауға да мүмкүншілік тудырып отыр.
- Желтоқсан айының 5-ші жұлдызында «Мемлекеттік құқықтық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен «Әлеуметтік құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы Назарбаев оқулары» туралы ғылыми-танымдық семинар өткізілді.
- Республикалық студенттеік танымдық - теориялық конференциясы мен пән олимпиадасының I кезеңі желтоқсан айының 5-12 жұлдызы аралығында өтті. Нәтижесінде **34** секцияда **1 940** студент өз жобаларымен баяндама жасап, үздік ғылыми жұмыстар Республикалық конкурстың II кезеңіне қатысу үшін құжаттары рәсімдеу үстінде. Ал пән олимпиадасы I кезеңі жеңімпаздарынан

команда жасақталып, **40** пән бойынша Республикалық олимпиаданың II кезеңіне дайындық жүргізуде.

- Желтоқсан айының 13-ші жұлдызында «Экономика факультетінің» ұйымдастыруымен «Қазақстан – 2030: Мемлекеттің болашақта тұрақты даму парадигмасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізілді.
- Биылғы жыл қорытындысы негізінде Облыстық әкімшіліктің ұйымдастыруымен өткен конкурста университет профессоры К.Беркімбаев «Үздік тәлімгер» номинациясының иегері атанды.

**Тәрбие мен мәдениет және спорт саласы бойынша**

- Білім жолындағы студенттерге арналған 1-ші Қыркүйек Білім күніне орай университетіміздің басшылары және барлық студенттері куәгер болған мерекелік салтанатты жиын ашық алаңда дәстүрдегіше тек студенттер үшін болып өтті.
- 25-қыркүйек Мәдениет сарайының кіші залында қалалық ішкі саясат және «Дінтану және теология» кафедрасының ұйымдастыруымен «Түркістан қаласындағы діни ахуал» атты тақырыпта танымдық іс-шара болып өтті.
- Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атану жоғары мәртебе. Осыны 1 курс студенттеріне университетімздің беделі мен жетістіктерін таныстыру мақсатында 25-қыркүйек күні ашық алаңда ХҚТУ университетіне студент атанған 1-ші курс студенттерін қабылдау кеші болып өтті. Кеш барысында жазғы **Лондон Олимпиада ойындарында қола жүлдегер атанған** университетіміздің студенті **Ақжүрек Таңатаровқа** университет басшылығы автокөлік мінгізіп университет өз шәкірттерін әрқашан қолдап, мақтаныш болар елдің азаматы болуға тәрбиелейтінін көпшілік қауымға тағы бір тәнті етті.
- 5-қазан күні ұстаздар мерекесіне орай, жыл бойы жұмыс атқаратын ұстаздар қауымына арналған мерекелік іс-шара болып өтті. Еңбегі ерен біршама ұстаздар қауымы марапатталды.
- 29 қазан күні Түркия республикасының тәуелсіздігіне 89 жыл толуына орай мерекелік салтанатты шара өтті.
- Мұсылман қауымының қасиеті мерекелерінің бірі Құрбан айт мерекесіне университетімізде салтанатты шаралар өтіп, университет ұжымы және студенттер бірлестіктері құрбан шалу мен қатар қайырымдылық шаралар ұйымдастырды.
- 30-қазан Түркіменстан Республикасының республика күніне орай мерекелік іс-шараны түркі дүниесі студенттерімен бірлесіп ұйымдастырды.

**Университет ғылыми кітапханасы туралы мәлімет**

Университет ғылыми кітапханасы профессор-оқытушылар құрамы, білімгерлер мен ғылыми қызметкерлерге оқу іздену барысында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми басылымдар және электронды ресустармен қамтамасыз мақсатында мына бағытта жұмыс жүргізіледі.

- Оқырмандарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру
- Кітап қорын ұйымдастыру және сақтау
- Анықтамалық-библиографиялық жұмыс
- Кітапхана үрдістерін автоматтандыру
- Көпшілік мәдени іс-шараларды ұйымдастыру

Кітапхана әр оқу жылы басында барлық білімгерлердің кітапханаға жазылуын қадағалап, «оқырмандарды тіркеу» базасына енгізеді.

Әсіресе 1 курс білімгерлері деканаттардан алған анықтама бойынша тіркеп оқырман билеттері берілді. Оқу үрдісінің бағдарламасына сәйкес, білімгерлерге пән оқытушылары берген тізім бойынша оқулықтар белгіленген уақытқа берілді.

Кітапхананың кітап қоры университет дайындайтын мамандықтардың бағыттарын сәйкес кафедралар берген жазбаша тапсырыстары бойынша сатып алынды.

Университет бойынша жалпы кітап қоры – 1 014000

06.12-11.12 уақыт аралығында 12000-дай жаңа кітап алынды. Бұл кітаптардың барлығы техникалық өндеуден өткізіліп, мүлік кітабына енгізіліп, оқу залына пайдалануға берілді. Барлық кафедраларға ақпараттық бюлетендер таратылды. Сонымен қатар,295 атаулы мерзімді басылымдарға жазылу науқаны жүргізілді.

Ғылыми кітапхана қызмет көрсету сапасын жетілдіру мақсатында кітапханалық – библиографиялық үдерістерді автоматтандыру жүзеге асыруда. Оқытушылар мен білімгерлерді оқу-іздену барысында қажетті ақрапатпен қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орындары кітапханаларына арналған 6 модульді ИРБИС бағдарламасы бойынша жұмыс жасауда.

Қазіргі таңда, басты назар аударатын бағыттардың бірі ақпараттық электрондық ресурстарды басқару және оларды кітапханаларда пайдалану.Осыған орай, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің қолдау көрсету арқасында Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен келісім-шарт негізінде Web of Knowledge (Thomson Reuters), Springer. Scince атты академиялық импакт-факторы жоғары журналының толық мәтінді деректерқорын пайдаланудамыз, кітапхананың атқаратын маңызды қызметтерінің бірі оқырмандардың рухани ой-өрісін, патриоттық және мәдени тәрбиесін дамытып отыру. Кітапханада Қазақстан мен Түркиядағы атаулы күндеріне және университет деңгейінде ұйымдастырылатын мәдени іс-шаралар өтуіне кеңінен ат салысады. Биылғы оқу жылында 1 оқырман конференциясы, атаулы күндерге байланысты ауқымды 6 кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**Адам ресурстары**

Ғылыми дәрежесі және атағы бар оқытушылар үлесін көтеру мақсатында мамандық дайындайтын кафедраларға «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 09.05.2012 ж. тираждық нөмеріне , жергілікті «Түркістан» газетінде және интернет желісінде қажетті лауазымды орындарға ғылыми педагогикалық тәжірибесі бар ғылым кандидатына 41 орынға, ғылым докторына 81 орынға конкурс жарияланды. Университеттің №244 санды бұйрығы негізінде құрылған конкурстық комиссия 2012-2013 оқу жылының қарсаңында оқу жылының басында өзінің 4 мәжілісін өткізді, Осының нәтижесінде кадр әлеуеті төмендегіше өзгеріп бүгінгі таңға 18 ғылым докторы, 32 ғылым кандидаты кабылданып қызметтеріне кірісті.

2011-2012 оқу жылында жалпы Оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми дәреже көрсеткіш пайызы 40% құраса, 2012-2013 оқу жылында 47% көтерілді.

Өзіміздің түлектеріміз университет тарапынан докторантураны бітіріп, 2012-2013 оқу жылында Түркия Республикасынан 1 PhD-биолог К.Ибрагимова, 1 магистр оқытушы Д.Талдыбаева халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша қызметке қабылданды (диаграмма 1).

Диаграмма 1




| | Барлығы | Магистр | Кандидаттар | Докторлар | PhD |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011-2012 | 1069 | 199 | 321 | 79 | 16 |
| 2012-2013 | 1006 | 210 | 343 | 87 | 16 |

2012-2013 оқу жылында университет оқытушы-профессорлар өз біліктілігін көтерген туралы мәлімет 9-шы кестеде берілген.

**ОПҚ құрамының біліктілік арттыру кестесі**

**9 - кесте**

| *Оқу жылдары* | *ОПҚ жоспар бойынша біліктілік курстарына жоспар бойынша жіберілетіндер* | *ОПҚ біліктілік курстарынан өткен тыңдаушылар саны* |
|---|---|---|
| *2012-2013* | 165 | Бүгінгі күнге дейін – 24 |

2011-2012 оқу жылында Түркия Республикасында біліктілігін жетілдіріп келіп м.ғ.к., Н.Тулеженов, Г.Бахтиярова, м.ғ.к., А.Бахтияровтар оқытушы қызметтерін аткарып келеді.

Университеттің Жарғысына сай және Өкілетті Кеңестің қолдауымен жылда Түркия Республикасынан белгілі оқытушы профессорлар келіп студент, магистр, докоранттарға сабақ беріп, ғылыми жетекшілік етеді (10-кесте).

**Қазақстанға жұмысқа жіберілген Түркиялық ОПҚ**

**10-кесте**

| **Оқу жылдары** | **Доктор PhD, профессор** | **Доктор, Доцент** | **Магистр** | **Оқытушы** | **Жалпы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011-2012 | 4 | 13 | 6 | 5 | **28** |
| 2012-2013 | 4 | 13 | 6 | 4 | **27** |

**Әлеуметтік, шаруашылық және өндірістік қызметі саласы бойынша**

Университетіміздегі орындалған күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары:

**1.** «500 орынды жатақхана» нысанасының құрылыс жұмыстары 2012 жылдың желтоқсан айының 15-ші жұлдызында мемлекеттік қабылдау комиссиясымен тапсырылып, университет балансына өткізілді.

**2.** «400 мың дана кітапқа арналған кітапхана» ғимаратын салу Түркия Республикасының инвестициясы есебінен. Құрылыс жұмыстары бойынша іргетас, қабырға темір бетондары атқарылды.

**3.** Университеттің Қазыбек би көшесінің бойында орналасқан бұрынғы қазандық ғимаратын жүзу бассейіне лайықтап қайта жарақтандыру бойынша конкурс жеңімпазы анықталып, бүгінгі таңда бас мердігер құрылыс құрастыру жұмыстарын жүргізді.

**4.** «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін өткізуі рәсімі жақында ғана Қазақстанда өтетіні жарияланды. Осыған байланысты «ЭКСПО-2017»-ның негізгі ұраны- «Жасыл қуат» болуына байланысты университететте бұл салады бір-қатар жұмыстар жүргізілді. Мысалы, күн энергиясын және жер жылуын пайдалануда төменде көрсетілген жетістіктерді айтуға болады (11-кесте).

11-кесте

**Күн энергиясын және жердің жылуын пайдаланатын құралдар орнатылған нысандардағы электр қуатының үнемделуі туралы мәлімет**

| № | Гелио қондырғылар орнатылған нысандар атауы | Пайдаланатын электр қуаты (кВт), (кг) | Тәуліктегіпа йдаланылат ын уақыт, (сағат) | Пайдаланатын электр қуаты (кВт) | | Эл.қуатын 6 ай пайдаланғанда кететін шығын (тенге) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бір тәулікте | 6 айда | тариф бағасы | төленуге қажетті қаржы |
| 1 | Мағжан қалашығы көшені жарықтандыру | 8,75квт | 12 | 105 | 18 900 | 15,1088 | 285 556,32 |
| 2 | Дәрігерлер аллеясы | 1,5квт | 12 | 18 | 3 240 | 15,1088 | 48 952,51 |
| 3 | Тұранкөл саяжайын эл.қуатымен жарықтандыру | 3 квт | 24 | 72 | 25 920 | 15,108 | 391 620 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **экономия** | **48060** | | **726129,00** |
| | **Жердің жылуын пайдаланатын жылу насосы орнатылған нысан** | | | | | | |
| 4 | Тазалық орталығын жылыту | | | | | | |
| | Диз.отынымен(топливо) | 1,5 кг | 12 | 18 | 3240 кг | 114 | 369 360 |
| | Насосқа жұмсалатын эл.қуаты | 4квт | 12 | 48 | 8 640 | 8,4 | 72 576 |
| | | | | **экономия** | | | **296 784** |
| | | | | **Барлығы** | | | **1022912,90** |

Жоғарыда келтірілген кестедегі мәлімет бойынша күн энергиясын және жердің жылуын пайдаланатын құралдарды орнату арқылы Университеттің электр қуатына жұмсалатын қаржысы шамамен 1 022 912 тенге қаржыға үнемделіп отыр. Сондай-ақ, Университеттің қарамағындағы 2011жылы іске қосылған “Университет” 110/35/10кВ подстанциясынан қалашықты жарықтандыру арқылы 01.01.12 - 01.12.12 уақыт аралығында жарыққа төленген қаржы қаланың тарифінен 40 935 947 тенгеге кем. Бұл, подстанция қызметкерлеріне төленген жалақы мөлшері – 16 273 503 тенге шығынды ескерген жағдайдың өзінде, электр қуатына жұмсалған қаржының 24 662 444 тенге қаржыға үнемделіп отырғанын көрсетеді.

**Ботаникалық бақта жасалған жұмыстар**

- Ботаникалық бақта ауданы 200м² оранжерея құрылысы аяқталды, онда тропикалық және субтропикалық өсімдіктер өсіру жоспарланып отыр.
- ҚР БжҒМ гранттық жобасы негізінде «Научные основы интродукции и создание коллекции стародавних местных исчезающих плодовых растений для сохранения их генофонда ex-situ» атты тақырыбы бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды:

Түркістан аймағындағы елді мекендердің бау-бақшасында өсетін сүйекті және дәнді жеміс ағаштары сорттарының тізімі жасалынып, бірнеше жылдар бойында халықтық әуесқой селекционерлердің жинақтаған жеміс ағаштарының 92 сорты, оның ішінде өріктің 34 сорты, қара өріктің 15 сорты, шиенің 5 сорты, қызыл шиенің 5 сорты, алманың 17 сорты, шабдалының 13 сорты және алмұрттың 3 сорты жинақталды. Жеміс ағаштарының негізгі сорттарының 35 кг тұқымдық материал жинақталды және клон әдісімен жеміс ағаштардың 17 000 көшеті дайындалды.

**Компьютер орталығы бөлімінде жасалған жұмыстар**

2012-2013 оқу жылында университеттің оқу процесі 17 интерактивті тақтамен толықтырылып, жалпы саны 72 данаға жетті. Сонымен қатар, жаңадан іске қосылған медицина факультетінің ғимаратынан 8 компьютерлік сынып ашылып, университет бойынша саны 28-ге жеткізілді. **On-line** режимде лекция оқуға арналған 1 видеоконференцзал іске қосылды. Қазіргі таңда видеоконференцзалда Медицина факультетінің *“Жалпы медицина”,* мамандығы үшін Түркия Республикасы Стамбул университетінің Медицина факультетінің, *“Стоматология”* мамандықтары үшін Түркия Республикасы Стамбул университетінің Стоматалогия факультетінің профессор-оқытушылары, Ақпараттық технологиялар және инженерлік факультеттің *“Автоматтандыру және басқару”, “Ақпараттық жүйелер”, “Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету”* мамандықтары үшін Түркия Республикасының Анкара қаласында орналасқан Türkye Odalar ve Borsalar Birliği университетінің профессор-оқытушылары ***on-line*** режимде дәрістер оқуда.

Университеттің оқу және өндірістік процестеріне қажетті цифрлық есептеуіш терминалдар (компьютерлер) саны биылғы оқу жылында 1.805 бірлікті құрады, оның ішінде 1216 компьютер оқу процесінде қамтылса, Интернет желісіне байланыстырылған

компьютерлер саны 1264-ті құрады. Сонымен қатар университетте баспа, ксерокөшірме, сканерлеу, т.с.с. цифрлық құрылғылар жұмыс жасауда.

2012-2013 оқу жылында кабельсіз Интернет желісін қолданушылар саны 100 пайдаланушыға арттырылып, 400 адамға жетті.

Университетіміздің ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының жұмыс жасау сапасын арттыру мақсатында Интернет желісінің жылдамдығы **30** мегабит/секундқа көтерілді, барлық оқу ғимараттары талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылды.

**Стратегиялық жоспар туралы**

Университет құрамындағы кейбір құрылымдық өзгерістерге байланысты СМЖ құжаттары дайындалып, талданып бекітілді. Сонымен қатар университеттің Сапа саясаты және кафедралар мен деканаттардың іс-құжат номенклатуралары актуализацияланып, қайта бекітілді. Университеттің 2012-2013 оқу жылы бойынша сапа бойынша мақсаттары университет Сенатында қаралып бекітілді және құрылымдық бөлімдерге таратылды, осының негізінде барлық құрылымдық бөлімдердің 2012-2013 оқу жылы бойынша сапа бойынша мақсаттары дайындалды, олардың университет стратегиясымен, сапа саясатымен және сапа бойынша мақсаттарымен байланыстылығы нақтыланды.

Қолданыстағы ИСО 9001 2008 ХС талаптарына сай университетіміздің сапа менеджменті жүйесіне жылына 1 рет Түрік Стандарттары Институты (Анкара) тарапынан өткізілетін Сыртқы аудит 2012 жылдың 29 қазан – 03 қараша аралығында өткізіліп, аудиторлар тарапынан оқу орнымызға ИСО 9001 ХС талаптарына сай деген баға берілді.

Университет қызметкерлерінің хабардар болуы, біліктіліктерін арттыру мақсатында семинарлар ұйымдастырылды. Басқарма қызметкерлерінің ішкі оқытулары бірқатар СМЖ құжаттарының ИСО 9001-2008 талаптарына сәйкес актуализацияланғанда жаңа нұсқалары жасалынған, университет сайтының жеке кабинеттеріне орналастырылған электронды СМЖ құжаттарымен жұмыс істей білуі, сапа бойынша мақсаттардың орындалуын жоспарлау, талдау және қажет жағдайда түзетуші және ескертуші әрекеттер жүргізілуін түсіндіру бағыттарында болды.

2011-2012 нәтижелері бойынша Университеттің стратегиялық жоспарының есебі дайындалды және Университет комиссиясының құрамында кафедралар мен деканаттардың Мемлекеттік аттестацияға дайындығы тексерілді.

**3-қосымша**

**2012 жылы 19-25 қараша аралығында университетте өткізілген ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік аттестациясы туралы ректордың**

**М Ә Л І М Е Т І**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі-Комитет) төрағасының «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесінде мемлекеттік аттестаттау өткізу туралы» 2012 жылғы 07 қарашадағы №1487 санды бұйрығына сәйкес 19-24 қараша аралығында университетте кезекті мемлекеттік аттестациясы өтті. Университеттің Жарғысына сәйкес бұл аттестаттауға Түркиядан Үкіметаралық Өкілетті Кеңес басқармасының тарапынан да арнайы комиссия жіберліді.

Мемлекеттік аттестациясы комиссияның жұмысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында қойылған негізгі талаптарға сай, оның ішінде төменде көрсетілген салалар бойынша өткізілді:

- білім беру жүйесі (бакалавриат, магистратура, докторантура, интернатура, резидентура бойынша кәсіптік-білім беру бағдарламаларының мемлекеттік стандарттарға сай екенін)
- білім алушылардың контингенті
- оқу-әдістемелік жұмыс
- ғылыми зерттеу жұмыстары
- тәрбие жұмыстары
- білімді бақылау және бағалау
- кәсіптік практика
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру
- педагогикалық жүктеме және оқыту жұмыстары
- ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
- оқу және ғылыми зертханалары
- диплом жұмыстарын орындау
- халықаралық қатынастар
- оқу-материалдық активтері (базасы)
- адам ресурстары (кадр әлеуетіне)
- спорт және шығармашылық қызмет

Мемлекеттік аттестаттау комиссияның тексеру жұмыстарының барысында университеттің жетістіктерімен бірге бір қатар кемшіліктер анықталды. Аттестация біткеннен кейін бұл кемшіліктерге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі саласындағы бақылау комитеті Білім саласындағы бақылау басқармасының сарапшысы және А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті 2012 ж. 24 қарашада төменде көрсетілген анықтама берілді.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі саласындағы бақылау комитеті Білім саласындағы бақылау басқармасының сарапшысы және А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті 2012 ж. 24 қарашада толтырған N16 Хаттамасы бойынша**

**АНЫҚТАМА**

1. ЖОО кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша контингент санын күндізгі оқу контингентінің 10% жеткізу мақсатында іс-шаралар атқарылатын болады.
2. Студенттердің күндізгі және сырттай нысанында оқыту арақатынасын 4:1 жеткізу мақсатында іс-шаралар атқарылатын болады.
3. 5В011500 – Құқық және экономика негіздері мамандығы аттестатталмаған себепті жабылып, мемлекеттік лицензиясы қайтарылуға жатады.
4. Бакалавриат және ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларын Дублин дескрипторлары талаптарына сәйкестендіру мақсатында білім берудің модульдік жоспарлары жасалып жатыр.
5. 5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 5В010900 – Математика, 5В010800 – Дене шынықтыру және спорт, 5В010400 – Бастапқы әскери дайындық мамандықтары бойынша оқытылатын пәндер бойынша электронды оқулықтар санын жалпы оқулықтар санының 20% жеткізу мақсатында іс-шаралар атқарылатын болады.
6. 5В011600 – География, 5В012000 – Кәсіптік оқыту мамандықтарының бағдарламалары ҚР МЖМБС 5.03.005 – 2009 Кәсіби практика стандарты талаптарына сәйкестендіріп қайта дайындалады.
7. 050210 – Шетел филилогиясы (қытай тілі), 5В070300 – Ақпараттық жүйелер, 5В070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 050207 – Аударма ісі: қытай тілі, 5В020500 – Филология: қазақ филологиясы, 5В020200 – Халықаралық қатынастар мамандықтарының студенттерін ғылыми зерттеу жұмыстарымен, ғылыми жобалармен қамту жоспарланады.
8. 5В060800 – Экология мамандығы бойынша пәндердің оқу-әдістемелік кешені ҚР МЖМБС 5.03.007 – 2006 стандартының 4.9 талаптарына сәйкестендіріп қайта дайындалады.
9. 5В060800 – Дінтану, 5В011100 – Информатика, 6М030100 - Заңтану, 6D030100 – Құқықтану, 5В020600 – Теология мамандықтарының жұмыс оқу жоспарлары ҚР МЖМБС 5.04.019 – 2011 стандартының 4.8-5.2 талаптарына 5.04.033 – 2011 стандартының 4.9-5.6 талаптарына сәйкестендіріп қайта дайындалады.
10. 5В030100 – Құқықтану, 5В020600 – Теология мамандықтарының профессор-оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ҚР МЖМБС 5.03.011 – 2006 стандартының 7.1,7.2 талаптарына сәйкестендіру жоспарланады.
11. Шетел тілі: екі шет тілі, шет ел филологиясы, жалпы медицина, стоматология мамандықтары бойынша 1 студентке келетін оқу, оқу-әдістемелік, және ғылыми әдебиеттер қорын 140 жеткізу жоспарланады.
12. 5В030100 – Құқықтану мамандығы бойынша дипломдық жұмыс жетекшісі жүктемесін ҚР МЖМБС 5.03.015 – 2006 стандартының 8.14 талаптарына сәйкестендіру жоспарланады.
13. 5В030100 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығы аттестатталмаған себепті жабылып, мемлекеттік лицензиясы қайтарылуға жатады.
14. 5В060200 – Информатика мамандығы студенттерінің өндірістік практика базасын белгілеуді ҚР МЖМБС 5.03.05 – 2009 стандартына сәйкестендіру жоспарланады.
15. 6М011000 – Физика мамандығының зертханаларын ҚР МЖМБС 5.03.014 – 2006 стандартының 6.6 талаптарына сәйкес қажетті құралдармен жабдықтау жоспарланады.

**Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы кемшіліктерге қоса төменде көрсетілген ұсыныстар жасады:**

1. Ғылыми-зерттеу жобалары бойынша республикалық конкурстарға қатысу жұмыстарын және ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру үшін шаруашылық субъектілермен келісім шарттар жасауды жандандыру қажет.

2. Университеттің профессор-оқытушылар құрамын мемлекеттік тілде кейбір мамандықтардың базалық және профильді пәндер бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер шығару бойынша жұмыстарға жұмылдыруды нығайту қажет.

3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есептерде орындалған жұмыстардың нәтижелері, өткізілген іс-шаралар нақтыланып, студенттердің ғылыми жұмиыстары туралы ақпараттар толығырақ көрсетілсе.

4. Мамандықтардың оқу-жұмыс бағдарламасында зертханалық сабақтарға ауқымды сағаттар бөлінетіндігіне байланысты оқу процесі заманауи виртуалды зертханалармен жабдықталса

**Мемлекеттік аттестаттау комиссияның қорытындысы**

Жоғары айтылған кемшіліктер негізінде, сонымен қатар мемлекеттік аттестация барысында университет студенттерін тестілеуден өткізу қорытындылары бойынша мемлекеттік комиссия университеттің білім беру қызметін келесі бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура мамандықтары аттестаттауға ұсынылды:

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аттестаттауға ұсынылған бакалавриат бойынша мамандықтар тізімі**

**(1-кесте)**

| № | коды | Мамандықтар атаулары |
|---|---|---|
| **1 БІЛІМ САЛАСЫ** | | |
| 1. | 5В010100 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу |
| 2. | 5В010300 | Педагогика және психология |
| 3. | 5В010400 | Бастапқы әскери дайындық |
| 4. | 5В010600 | Музыкалық білім |
| 5. | 5В010700 | Бейнелеу өнері және сызу |
| 6. | 5В010800 | Дене шынықтыру және спорт |
| 7. | 5В010900 | Математика |
| 8. | 5В011000 | Физика |
| 9. | 5В011100 | Информатика |
| 10. | 5В011200 | Химия |
| 11. | 5В011300 | Биология |
| 12. | 5В011400 | Тарих |
| 13. | 5В011600 | География |
| 14. | 5В011700 | Қазақ тілі мен әдебиеті |
| 15. | 5В011800 | Орыс тілі мен әдебиеті |
| 16. | 5В011900 | Шетел тілі: екі шетел тілі |
| 17. | 5В012000 | Кәсіптік оқыту |
| 2 ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР САЛАСЫ | | |
| 18. | 5В020100 | Философия |
| 19. | 5В020200 | Халықаралық қатынастар |
| 20. | 5В020300 | Тарих |
| 21. | 5В020500 | Филология |
| 22. | 5В020600 | Дінтану |
| 23. | 5В020700 | Аударма ісі |
| 24. | 5В021000 | Шетел филологиясы |
| 25. | 5В021100 | Теология |

| | | |
|---|---|---|
| 3 ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ | | |
| 26. | 5В030100 | Құқықтану |
| 4 ӨНЕР САЛАСЫ | | |
| 27. | 5В040300 | Вокалдық өнер |
| 28. | 5В040400 | Дәстүрлі музыка өнері |
| 29. | 5В040700 | Актерлік өнер |
| 30. | 5В040900 | Хореография |
| 31. | 5В041700 | Сән өнері |
| 32. | 5В042100 | Дизайн* |
| 5 ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС САЛАСЫ | | |
| 33. | 5В050100 | Әлеуметтану |
| 34. | 5В050400 | Журналистика |
| 35. | 5В050600 | Экономика |
| 36. | 5В050700 | Менеджмент |
| 37. | 5В050800 | Есеп және аудит |
| 38. | 5В050900 | Қаржы |
| 39. | 5В051000 | Мемлекеттік және жергілікті басқару |
| 6 ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫ | | |
| 40. | 5В060100 | Математика |
| 41. | 5В060200 | Информатика |
| 42. | 5В060400 | Физика |
| 43. | 5В060700 | Биология |
| 44. | 5В060800 | Экология |
| 7 ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫ | | |
| 45. | 5В070200 | Автоматтандыру және басқару |
| 46 | 5В070300 | Ақпараттық жүйелер |
| 47. | 5В070400 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету |
| 48. | 5В071800 | Электр энергетикасы |
| 49. | 5В073100 | Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі |
| 8 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫ | | |
| 50. | 5В090200 | Туризм |
| **7.2 Жоғары арнайы білім мамандықтары** | | |
| 13 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫ (медицина) | | |
| 51. | 5В130100 | Жалпы медицина |
| 52. | 5В130200 | Стоматология |
| 53. | 051101 | Емдеу ісі |
| 54. | 051102 | Педиатрия |

**Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аттестаттауға ұсынылған резидентурат бойынша мамандықтар тізімі**

**(2-кесте)**

**Резидентура бойынша**:

| | Мамандық атауы |
|---|---|
| 1 | Жалпы хирургия |
| 2. | Терапия |
| 3. | Невропатология, сонымен бірге балалар невропатологиясы |

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аттестаттауға ұсынылған магистратура бойынша мамандықтар тізімі**

**(3-кесте)**

**Магистратура мамандықтары:**

| № | Шифр, мамандық атауы |
|---|---|
| 1 | 6М010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу |
| 2. | 6М010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі |
| 3. | 6М010300 – Педагогика және психология |
| 4. | 6М010700- Бейнелеу өнері және сызу |
| 5. | 6М010800- Дене шынықтыру және спорт |
| 6. | 6М011000 - Физика |
| 7. | 6М011300-Биология |
| 8. | 6М011900-Шетел тілі: екі шетел тілі |
| 9. | 6М020100- Философия |
| 10. | 6М020300- Тарих |
| 11. | 6М020500- Филология |
| 12. | 6М020600- Дін тану |
| 13. | 6М021000- Шетел филологиясы |
| 14. | 6М021200-Түркітану |
| 15. | 6М030100- Құқықтану |
| 16. | 6М050100- Әлеуметтану |
| 17. | 6М050200- Саясаттану |
| 18. | 6М050600- Экономика |
| 19. | 6М050700- Менеджмент |
| 20. | 6М050800- Есеп және аудит |
| 21. | 6М051000- Мемлекеттік және жергілікті басқару |
| 22. | 6М060100- Математика |
| 23. | 6М060200- Информатика |
| 24. | 6М060400- Физика |
| 25. | 6М060600- Химия |
| 26. | 6М060800- Экология |
| 27. | 6М070300- Ақпараттық жүйелер |
| 28. | 6М070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу |
| 29. | 6М071800-Электр энергетикасы |
| 30. | 6М110100-Медицина |

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аттестаттауға ұсынылған PhD докторантура бойынша мамандықтар тізімі**

**(4-кесте)**

**PhD докторантура бойынша мамандықтары:**

| | Шифр, мамандық атауы |
|---|---|
| 1. | 6D010300- Педагогика және психология |
| 2. | 6D011400-Тарих |
| 3. | 6D011700- Қазақ тілі және әдебиеті |
| 4. | 6D030100- Құқықтану |
| 5. | 6D050600- Экономика |
| 6. | 6D050700- Менеджмент |
| 7. | 6D011000-Физика |

| | |
|---|---|
| 8. | 6D010900-Математика |
| 9. | 6D070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу |
| 10. | 6D110100-Медицина |
| 11. | 6D110200- Қоғамдық денсаулық сақтау |

Мемлекет комиссия Университетті келесі бакалавриат мамандықтары бойынша **аттестаттамауға** ұсынды:

**Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аттестаттамауға ұсынылған бакалавриат бойынша мамандықтар тізімі**

**(5-кесте)**

| | | |
|---|---|---|
| 1. | 5B010200 | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі |
| 2. | 5B011500 | Құқық және экономика негіздері |
| 3. | 5B020800 | Археология және этнология |
| 4. | 5B041900 | Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау |

А- Стратегиялық жоспардың мақсаттары:

1-Стратегиялық мақсат: Білім беру сапасын көтеру

2-Стратегиялық мақсат: Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткішін арттыру

3-Стратегиялық мақсат: Материалдық-техникалық инфрақұрылымды дамыту

4-Стратегиялық мақсат: Адам ресурстарын жетілдіру

5- Қаржы көздерін жоғары деңгейде ұйымдастыру және тиімді пайдалану

6- Қоғамдық және өндірістік қатынастарды дамыту

7- Басқарудың тиімді, пайдалы, динамикалы, қарқынды есеп беру дағдысы мен түсінігін қалыптастыру

В- Атқарылған іс-шаралар есебінің түйіні

1- Ғылыми бағыттағы іс-шаралар

2- Қаржы және бюджет

**Кіріспе**

2011-2012 оқу жылы атқарылған жұмыстар есебінде стратегиялық жоспарда көрсетілген мақсаттарға сәйкес студенттер, магистрлер мен докторанттар, профессор-оқытушылар және әкімшілік-шаруашылық қызметкерлер туралы, оқу үдерісіне қатысты іс-шаралар, ғылыми жұмыстар, мәдени және спорттық іс-шаралар, кітапхана, адам ресурстары, ақпараттық іс-шаралар, құрылыс және қаржы саласына қатысты мәліметтер қамтылған.

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2011-2012 оқу жылы бакалавриат бағдарламасы бойынша 62; магистратура бағдарламасы бойынша 30; PhD докторлығы бағдарламасы бойынша 11; резидентура бағдарламасы бойынша 3 және интернатура бағдарламасы бойынша 3 мамандық негізінде білім беру үдерісін жүзеге асырды. Университетте Болон процсесіне қатысты жұмыстар жалғасуда. Осыған байланысты, Болон процесі негізінде пәндердің мазмұнын сәйкестендіруге бағытталған Түркиялық ОПҚ тарапынан конференция және арнайы семинарлар өткізілді.

Сондай-ақ, 2011-2012 оқу жылында Медицина факультетінің 3 курс студенттеріне Ыстанбұл медицина факультетінің ОПҚ қатысуымен интерактив форматта (видео-конференция арқылы) сабақ өткізу қолға алынды.

Оқу ордамызда білім беру үдерісі қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілінде жүргізілуде. Өндірістік және ресми іс-қағаздардың басым көпшілігі қазақ тілінде жүргізілуде.

Университетте 17 факультет, 4 ҒЗИ, бір колледж, Тіл үйрету орталығы, Арнайы мамандандыру орталығы мен ботаникалық бақ жұмыс атқаруда. 2011 жылы мамыр айында өткен Өкілетті Кеңес мәжілісі шешіміне сәйкес Шымкент және Тараз институттары жабылды. Қазіргі таңда Шымкент қаласында медицина саласында маман даярлайтын оқу клиникалық база жұмысын жалғастыруда. Университетте, 2011-2012 оқу жылында, әлемнің 16 мемлекетінен келген жалпы саны 15.701 студент білім алуда. Оның ішінде, дайындық курсын қосқанда 7.119 студент күндізгі бөлімде, 4.883 студент сыртқы бөлімде, 3.948 студент қашықтықтан оқыту жүйесі негізінде білім алуда.

Университет кітапханасының кітап қоры 711.527 дана. Студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне көмектесетін электронды оқулықтар залдары, интернет кластары жұмыс істейді. Аудиториялардағы интерактивті тақта саны арттырылды, әрбір кафедраға мультимедиялық лаборатория (аудитория) ұйымдастырылды.

2012 жылдың қаңтарында «Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы» келісімге жасалған өзгерістердің күшіне енуімен бірқатарда, университеттің Жарғысы, сондай-ақ, бірқатар регламенттерге жасалған толықтырулар мен өзгерістер күшіне енді және қолданысқа берілді.

Проф.док., Л.Ташимов

Университет Президенті

Проф.док., Салих Айнурал

Ректор өкілі (І вице-президент)

## 1. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ: БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН КӨТЕРУ

Университетте оқу-жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларындағы таңдамалы пәндер бөліміне кафедра меңгерушілері тарапынан айқындалған және заман талабына сай пәндер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарына арналған стандарттарының жүзеге асырылуы міндетті болғандықтан, міндетті пәндердің атаулары мен мазмұндарын өзгертудің мүмкіндігі болмай тұр.

Университетте Болон үдерісіне қатысты жұмыстар жалғасуда. Осыған байланысты Түркиядан келген оқытушы-профессорлар тарапынан Болон үдерісі мен пән мазмұндарының дайындалуы туралы конференциялар мен семинарлар өткізілді.

2011-2012 оқу жылында Медицина факультетінің IV-курс студенттерінің ішінен 10 студент академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Хажеттепе университетінің Медицина факультетінің ағылшын тілі бөлімінде бір семестр сабақтарға қатысып, емтихандарын сәтті тапсырған. Тек бір ғана студент бір пәннен емтиханнан құлаған.

2011-2012 оқу жылының екінші семестрінен бастап университеттің тарихында алғаш рет Медицина факультетінің III және IV курс студенттеріне Түркияның Стамбул Медицина факультетінен телеконференция жүйесімен интерактивті түрде түрік тілінде сабақ жүргізіле бастады. Осы семестрде 15 оқытушы тарапынан Балалар аурулары, патологиялық физиология, травматология және жұқпалы аурулар пәндерінен сабақ берілді.

2012-2013 оқу жылында да Медицина факультетінің Стаматология, Компьютер инженерлігі бөлімдерінің III және IV курс студенттеріне Түркиядан телеконференция жүйесімен сабақ берілуі туралы дайындықтар жүргізілуде.

Жалпы университет бойынша лекция түрінде сабақ өту айтарлықтай азайды. Оқытушылардың 80%-ы сабақ мәтіндерін және сабаққа қатысты материалдарды университеттің web сайтына енгізіп, студенттер сабаққа қатысты материалдарды осы сайттан алуда.

Кейбір оқытушылар сабақ мәтіндерін студенттерге электроникалық нұсқада беріп интерактивті тақталарды қолдану арқылы сабақ өтуде. Ал, кейбір оқытушылар сабақ мәтіндерін алдын-ала беру арқылы пікірталасқа негізделген әдісті қолдану арқылы сабақ жүргізуде.

Шетелде магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алып жатқан оқытушылардың саны: 2009-2010 оқу жылында 12; 2010-2011 оқу жылында 26 және 2011-2012 оқу жылында 31-ге жетті. Осы аталғандардың ішінен үш ізденуші докторантурадағы оқуларын аяқтап университетке қайта оралды.

2012 жылдың 3 қараша күні Түркияға Гази университетіне 4 ай мерзімге 3 дәрігер; сондай-ақ ағымдағы (2012) жылдың 3 қазан күні Йылдырым Баязит университетіне 2 жыл мерзімге 2 дәрігер кәсіби біліктіліктерін арттыруға жіберілді.

Профессор-оқытушыларға шаққанда студент саны орта есеппен: 2009-2010 оқу жылында 12; 2010-2011 оқу жылында 10, ал 2011-2012 оқу жылында 11 болып белгіленді.

Студенттердің қанағаттанарлық деңгейін анықтау мақсатында бірінші курстан басқа барлық студенттерге сауалнама жүргізіліп, 60 тақырып бойынша студенттердің қанағаттанарлық деңгейі анықталды. Нәтижеде, орташа есеппен студенттердің қанағаттанарлық деңгейі 2010 жылы 46,3%-ды құраса, бұл көрсеткіш 2012 жылы 58,4 %-ға жоғарылады. Студенттердің қанағаттанарлық деңгейі төмен болған мәселелер бойынша тиісті жақсарту жұмыстары жүргізілуде.

ОПҚ-ның қанағаттанарлық деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. 2010 жылы жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша 616 оқытушының 49 сұрақ бойынша қанағаттанарлық деңгейі 56%-ды құраса, 2012 жылы дәл осы сұрақтар бойынша жүргізілген сауалнамада бұл көрсеткіш 66%-ды құрады. ОПҚ-ның қанағаттанарлық деңгейі төмен болған мәселелер бойынша тиісті жақсарту жұмыстары жүргізілуде.

Оқытушы-профессорлардың жылдық жүктеме сағаттарының саны: 2009-2010 оқу жылында аптасына 24 сағат; 2010-2011 оқу жылында аптасына 22 сағат; ал 2011-2012 оқу жылында аптасына 21 сағат болып азайтылды.

Жалпы университет бойынша студенттерге шет тілін (түрік, ағылшын, орыс және қазақ тілдері) үйрету мақсатында Дайындық тіл үйрету орталығына қосымша Тіл үйрету орталығы да жұмыс істейді.

Жалпы университеттегі ағылшын және түрік тілі пәндерінің оқытушыларына Түркиядан мамандар шақырылып, арнайы семинарлар ұйымдастырылды.

Филология факультетінің 10 оқытушысы Стамбул Фатих университетіне заманауи тіл үйрету әдістері тақырыбы бойынша 3 апталық семинарға қатысып қайтты. Сондай-ақ, 5 Қазақстандық “Түрік тілі” пәні мұғаліміне Юнус Емре қорынан қолдау беріліп тәжірибе алмасу мақсатында Анкараға жіберілді.

Университеттің оқу процесінде 72 интерактивті тақта, 61 мультимедия бөлмесі, 27 компьютер бөлмесі, 12 компьютерлік лаборатория және 90 орындық 1 электрондық оқу залы қызмет көрсетуде. 2010-2011 оқу жылында 1435 компьютер пайдалануға берілді. Ал, 2011-2012 оқу жылында бұлардың саны 1805-ке жетті. Университеттің оқу және өндірістік процестеріне қажетті есептеуіш терминалдар (компьютерлер) саны биылғы оқу жылында 1435 бірлікті құрады. Төмендегі диаграммада соңғы 5 жылдағы университеттегі жалпы компьютерлердің саны мен оқу үдерісінде қолданылған компьютерлердің саны туралы мәліметтер берілген.

Қазіргі таңда универсиеттің барлық кафедраларында интерактивті тақта бөлмелері мен мультимедия дәрісханалары бар.

Grafik 1. Жылдар бойынша унирвеситеттегі компьютерлік техника саны




| | 2008 ж. | 2009 ж. | 2010 ж. | 2011 ж. | 2012 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| Toplam Bilgisayar sayısı | 1034 | 1240 | 1375 | 1435 | 1805 |
| Eğitim amaçlı kullanılan bilgisayar sayısı (adet) | 524 | 534 | 558 | 734 | 1216 |
| Eğitim amaçlı bilgisayarların öğrenci kontenjanına oranı | 15,7 | 14,4 | 12,7 | 8,8 | 6,1 |

Кафедралардың ұсыныс-талаптарына орай сұраныс туындаған кітаптарды алу мақсатында тендер өткізіліп, 2010-2011 оқу жылында 23673 дана, ал 2011-2012 оқу жылында 19895 дана кітап сатып

алынды. Сондай-ақ кейбір кафедралардың ұсыныс-талаптарына қарай Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан да кейбір ғылым салалары бойынша кітаптар мен сөздіктер жіберілді.

Халықаралық онлайн кітапхана жүйесіне қол жеткізу бүгінгі күндегі негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Осыған орай, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің қолдау көрсетуімен Рсепубликалық ғылыми-техникалық деректер орталығымен келісімшартқа қол қойылып, Web of Knowledge (Thomson Reuters), Springer, Sciense атты толық мәтінді деректер топтамаларын ақысыз түрде пайдалануға рұқсат алынды.

Арнайы мамандандыру орталығы Түркістан қаласында орналастырылды. Бірақ, Түркістан қаласында курсқа қатысушылардың аздығына және жеткілікті деңгейде оқушылардың жиналмауына байланысты барлық бөлімдер қайтадан Кентауға көшірілді.

Университеттің халықаралық институционалдық аккредитацияға дайындығы аяқталды және 2013 жылы сәуір айында аккредитациядан өту жоспарлануда.

## 2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ: ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІН АРТТЫРУ

Халықаралық келісімдерге қол қойылған университеттер мен ғылым академияларының ішінде тек Ресей Медициналық Ғылым Академиясының ғылыми-зерттеу және тест орталығының қан хирургиясы орталығы және Ресей Ғылымдар Академиясының П.П. Ширшов атындағы Мұхиттану институтымен бірлесе отырып ғылыми жобалар жүргізілуде.

Университет оқытушылары тарапынан 2012 жылы дайындалған 13 ғылыми жобаға қатысты 54.850.000 теңге (364.000 АҚШ доллары) ҚР Білім және Ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігі тарапынан аударылды. 2012 жылы қаржыландырылған 13 ғылыми жобаның 3-і Экология ғылыми-зерттеу институты, 2-і Түркология ғылыми-зерттеу институты, тағы 2-і Археология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары тарапынан жасалды. Басқа жобалар факультеттер тарапынан дайындалды.

2011-2012 оқу жылында университеттің 115 оқытушысы шетелде өткен 178 конференцияға қатысты. Оның ішінде 85 оқытушы алыс шетелдерде өткен 120 конференцияға, ал 30 оқытушы жақын

шетелдерде өткен 85 конференцияға қатысты. Қазақстанда өткен конференцияларда оқылған баяндамалардың саны 930.

1-кесте. Ғылыми – зерттеу жұмыстар туралы жалпы мәлімет:

| № | Ғылыми жұмыстың аты | 2011-2012 оқу жылы |
|---|---|---|
| **1.** | **Ғылыми жұмыстардың саны** | 26 |
| **2.** | **Мақала және** баяндама **саны, оның ішінде** | 1751 |
| | **Импакт факторлы журналдарда жарияланған мақала саны** | 6 |
| | **Ғылыми журналдарда жарияланған мақала саны** | 637 |
| | - алыс шетелдерде жарияланған | 25 |
| | - жақын шетелдерде жарияланған | 48 |
| | - Қазақстанда жарияланған | 564 |
| | **Конференцияларда оқылған баяндамалар саны** | 1108 |
| | - алыс шетелдерде оқылған | 120 |
| | - жақын шетелдерде оқылған | 58 |
| | - Қазақстанда оқылған | 930 |
| **3.** | **Патент** | 15 |
| **4.** | **Ғылыми монография саны** | 26 |
| **5.** | **Жалпы мақала мен баяндама саны** | 1751 |

2011-2012 оқу жылында университет тарапынан жалпы 3 симпозуим және 14 конференция өткізілді.

1- 2012 жылдың 20-21 сәуір айында «Түркі мәдениетінің даму дәуірлері: X-XIII ғасырлардағы Орталық Еуразия және Кіші Азияға жаңа қозқарастар» атты халықаралық симпозиум өтті,

2- 2012 жылдың 26-27 сәуір айында «Түркі дүниесіндегі Ислам ғылымдарының ролі» атты халықаралық ғылыми конференциясы өтті,

3- 17-18 қарашада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 – жылдығына арналған «Болон процесі және Қазақстандағы жоғары оқу орындары жүйесіндегі реформалар» атты Халықаралық семинар өткізілді.

## 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ: МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

2010 жылы Қазақстан Республикасының бюджет көздерінен 1850 адамдық оқу ғимаратының тендері өткізілді. Аталмыш ғимаратқа Қазақстан бюджетінен 17.770.000 АҚШ доллары бөлінді. Ғимарат 2012 жылы қолданысқа берілді.

Жатақхана құрылысы үшін Қазақстан бюджетінен 5 900 000 АҚШ доллары бөлініп, тендер өткізіліп, құрылыс жұмыстары басталды. Жатақхана 2012 жылдың желтоқсан айында қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Түркия бюджетінен кітапхана құрылысы үшін 6.500.000 АҚШ доллары бөлінген. 2010 жылы Түркия Республикасының бюджет көздерінен кітапхана ғимаратын салу үшін тиісті құжаттар дайындалып, тендер өткізу үшін Өкілетті Кеңес Басқармасына жіберілді. ӨКБ тарапынан тендер өткізіліп, құрылыс жұмыстары басталды. Кітапхана 2013 жылдың тамыз айында қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Университеттің Қазыбек Би көшесінде орналасқан ғимаратында істеліп жатқан бассейн жобалары дайындалып, коммерциялық бюджеттен 640. 000 АҚШ доллары көлеміндегі қаржымен тендер жарияланды.

Жаңа Ректорат ғимараты тиісті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп толық пайдалануға берілді.

Евразия ғылыми-зерттеу институтының тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты қаражат бөлінген, рұқсат алынған, жөндеу жұмыстарының жобасы жасалған, қаржы мөлшері есептеліп, тендер өткізу үшін дайын. 2012 жылдың қараша айында тендер жариялау жоспарлануда.

Келесі жылдың бюджетінен студенттер мен қызметкерлерге арналған әлеуметтік қызмет нысандары мен спорт алаңдарына қаржы қарастыру жоспарлануда.

Университеттің автоматтандырылған құрылым жобасы үшін Түркия Республикасы тарапынан университет бюджетіне 400.000 АҚШ доллары бөлініп, 14-модульден тұратын бірыңғай автоматтандырылған желінің жобасы мен техникалық келісмшарты дайындалды. 2012 жылдың қараша айында тендер жариялау жоспарлануда.

Университеттің интернетке қосылу жылдамдығы 2011 жылы 20 МБт/с құраса, ал 2011-2012 оқу жылында бұл 30 МБт/с құрады.

Университет қалашығында әсіресе, жатақханаларда кабельсіз интернет қызмет көрсетеді.

3.9.1.Стратегиялық жоспардың 3/9 тармағы бойынша патология зертханасы 2010 жылы ашылып, пайдалануға берілді.

Стратегиялық жоспарда көрсетілген магнитті резонанс (МР), диализ және ангиография бөлімдері мен микробиология зертханасын ашуға Түркия Республикасы тарапынан 2013 жылдың бюджетінен қаржы қарастырылып, 2013 жылы бұл қажеттіліктер қамтамасыз етіледі.

Клиника-диагностикалық орталығындағы төсек орындардың санына келер болсақ; тиісті Денсаулық басқармасы тарапынан клиника-диагностикалық орталығына 2009 жылы 60, 2010 жылы 80 және 2011 жылы 80 төсек орын берілген. КДО мен Денсаулық басқармасы арасындағы барлық қаржылық есептеулер мен Қазақстан бюджетінен жасалатын трансферлер төсек орын саны мен науқас санына қарай жүзеге асырылады. Бірақ, КДО-да бүгінгі күні пайдалануға берілген төсек орын саны стационарлық бөлімде 80, амбулаториялық бөлімде 10, реанимация (жан сақтау) бөлімінде 6 және травмапункт (травматология) бөлімінде 4 барлығы 100 төсек орын жолдамамен келген және ақылы түрде емделетін науқастарға қызмет көрсетуде.

## 4-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ: АДАМ РЕСУРСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

2011-2012 оқу жылы бойынша университете 17 факультет, 66 кафедра бар. Түркістан орталығы бойынша 2011-2012 оқу жылы 3 ғылым докторы профессор атағын алды, 14 ғылым кандидаты доцент атағын алды.

2010-2011 және 2011-2012 оқу жылдарында университеттегі оқытушы тапшы бөлімдер анықталып, Өкілетті Кеңес тарапынан белгіленген контингенттерге қарай Қазақстандағы республикалық газеттерге хабарландыру беріліп, өткізілген емтихан нәтижелері бойынша жоғары ұпай алған магистранттар мен докторанттар анықталып Гази университетіне оқуға жіберілді

2-кесте.Диссертация қорғау және академиялық дәрежелер туралы мәлімет

| | 2009-2010 | 2010-2011 | 2011-2012 |
|---|---|---|---|
| Профессор атағын алған ғылым докторлар саны | 3 | 7 | 3 |
| Ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссетацияларын сәтті қорғаған оқытушылар саны | 23 | 58 | 43 |
| Доцент атағын алған ғылым кандидаттары саны | 20 | 23 | 14 |
| Жалпы | 46 | 88 | 60 |

Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін көтеру мақсатында бекітілген жоспарға сәйкес жылда оқытушылар өз мамандықтары бойынша білім жетілдіру институттарына жіберіліп отырады.

| | 2009-2010 | 2010-2011 | 2011-2012 |
|---|---|---|---|
| Біліктілік арттырған ОПҚ | 205 | 210 | 343 |

3-кесте. Жылдар бойынша жұмыс істейтін ОПҚ-ның саны

| | *Профессор* | *Ғылым кандидаты, доцент* | *PhD* | *Магистр* | *Оқытушы* | *Жалпы* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| *2010-2011* | 98 | 424 | 13 | 209 | 754 | 1498 |
| *2011-2012* | 96 | 321 | 16 | 204 | 424 | 1061 |

Университетімізде қызмет атқаратын Түркиялық оқытушылардың саны әр жылы азайып бара жатыр. Олардың санының азаюына Түркия Республикасының заңнамасы және өздері жұмыс істейтін университеттердің рұқсат бермеуі себеп болып отыр.

2010-2011 оқу жылында университетте Түркия Республикасынан 29 оқытушы-профессор жұмыс істесе, 2011-2012 оқу жылында 24 оқытушы-профессор жұмыс істеген.

2011-2012 оқу жылында университетте жұмыс істейтін Түркиялық әкімшілік-шаруашылық қызметкерлер мен техникалық қызметкерлердің саны Ректор Өкілі мен Вице-президентті қосқанда барлығы 11 адам. Университеттің барлық қызметкерлеріне шаққанда бұл сан өте төмен (жеткіліксіз) болып тұр.

## 5-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ: ҚАРЖЫ КӨЗДЕРІН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Бухгалтерия және Экономикалық жоспарлау бөлімі тарапынан жылдық бюджет, стратегиялық жоспарда көрсетілген мақсаттарға қарай бөлімдерден келіп түскен ұсыныс-талаптарды назарға ала отырып дайындалып, Өкілетті Кеңестің қабылдаған шешімдері мен екі ел Үкіметтерінің бөлген төлемдері бойынша жұмсалуда.

Қаржылық тексеру жұмыстары университет Жарғысында көрсетілген ережелерге және 42-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған Қаржылық тексеру регламентіне сәйкес жүргізілуде.

Бірыңғай бухгалтерия (есептеу) жүйесіне өту және бір ғана есеп жоспарымен қадағалау үшін университетте автоматтандырылған жүйенің құрылуы керек. Автоматтандырылған жүйенің құрылуы үшін тиісті жұмыстар атқарылуда.

Қаржылық тексеру есептерінің ұсыныс-талаптарын жоғары деңгейде орындау мақсатында оразан зор жұмыстар атқарылуда. Қаржылық тексеру есептерінде сынға алынған жағдайлар мен ұсыныстардың орындалғаны немесе тиісті деңгейде кемшіліктердің жойылмағаны туралы мәселе есеп дайындалғаннан кейін өтетін бірінші Өкілетті Кеңес мәжілісінде қаралады.

Студенттер, әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері мен оқытушылар және түлектердің қоғаммен дұрыс байланыс орнатуы үшін тиісті іс-шаралар атқарылуда.

Университет студенттері әртүрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықарлаық жарыстарға, олимпиадаларға, конференцияларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

Университетте осы салада атқарылған іс-шараларды насихаттау радио, теледидар, газет, журналдар арқылы іске асырылады.

Университетте өткізілген көптеген іс-шараларға Түркістан халқы да қатысады. Студенттік клубтар Түркістан әкімшілігі және басқа да ресми мекемелермен ортақтаса отырып әртүрлі іс-шаралар өткізуде.

4-кесте. Университетте 3 жыл ішінде атқарылған іс-шаралар

| | 2010 | 2011 | 2012 (8 ау) |
|---|---|---|---|
| Рухани және мәдени бағытта іс-шаралар | 88 | 106 | 75 |
| Отансүйгіштік тақырыптағы іс-шаралар | 42 | 56 | 33 |
| Ғылыми бағыттағы іс-шаралар | 22 | 25 | 18 |
| Түркі дүниесі достығына арналған іс-шаралар | 18 | 27 | 14 |
| Жалпы | 170 | 214 | 140 |

2010 жылы өткен іс-шаралар мен 2011-2012 жылы (8 ай ішінде) атқарылған іс-шараларды өзара салыстыратын болсақ, соңғы кездері атқарылған шаралардың саны артқанын көруге болады. 2010 жылы жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша Мәдениет орталығында өткізілген мәдени іс-шаралардың жеткіліктілігі мен сапасы туралы студенттердің қанағаттанарлық деңгейі 53,6% болса, 2012 жылы жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша бұл көрсеткіштің 65 %-ға жоғарылағандығы байқалды.

Кентау трансформатор зауытымен жасалған келісім-шарт негізінде «Электроэнергетика» бөлімінің студенттері лабораториялық дәрістер мен өндірістік іс-тәжірибелерін осы зауытта ақысыз түрде өткізеді.

Университеттің түлектер ассоциациясының негізі қаланды. Университетімізді бітіріп кеткен түлектер мен жұмыс берушілер арасында тұрақты байланыс орнататын арнайы бөлім ашылды.

Студенттер мен бітірушілер туралы мәліметтер (оқу, ғылым, тәрбие, әлеуметтік жағдайы, мекен-жайы, электрондық адресі (e-mail), ұялы телефондары, ата-аналары туралы мәлімет, олардың байланыс телефондары т.б.) электрондық базада топтастырылды.

5-кесте. Студенттердің спорттық жарыстардағы көрсеткіші

| | Алтын жүлде | Күміс жүлде | Қола жүлде |
|---|---|---|---|
| Олимпиада | 1 | 1 | 1 |
| Әлем чемпионаты | 3 | 4 | 1 |
| Универсиада | | 1 | |
| Азия чемпионаты | 3 | 1 | 3 |
| Қазақстан чемпионаты | 21 | 12 | 17 |
| ҚР ЖОО арасындағы VI Жазғы универсиада | 23 | 23 | 20 |
| Жалпы | 51 | 42 | 42 |

6-кесте. Жылдар бойынша студенттердің мемлекеттерге қарай таралымы

| Мемлекет | 2008-2009 | 2009-2010 | 2010-2011 | 2011-2012 |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан (Күндізгі бөлім) | 10.044 | 8.849 | 6.961 | 6.102 |
| Қазақстан (Сыртқы бөлім) | 10.288 | 8.138 | 6.354 | 4.883 |
| Түркия | 422 | 568 | 377 | 338 |
| Түркия (Қашықтықтан білім беру-ТҮРТЕП) | 2.186 | 2.276 | 2.833 | 3.699 |
| Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтар | 1.294 | 1.085 | 976 | 679 |
| Жалпы | 24.234 | 20.916 | 17.501 | 15.701 |

## 7-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ: БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ, ПАЙДАЛЫ, ДИНАМИКАЛЫ, ҚАРҚЫНДЫ ЕСЕП БЕРУ ДАҒДЫСЫ МЕН ТҮСІНІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Өкілетті кеңес мәжілістері күн тәртібіндегі мәселелер жүйелі түрде талқыланады.

Стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру және білім сапасын көтеру мәселелері бойынша жаңа Жарғы мен регламенттер дайындалды. Жаңа Жарғы мен регламенттер Ынтымақтастық келісімінің күшіне енуімен қолданысқа енгізілді.

Университетте тұрақты ішкі және сыртқы тексеру (аудит) жүйелері құрылған.

Университетте ішкі тексеру (аудит) жұмыстары: шешіммен немесе бұйрықпен бекітілген комиссия мүшелері, университеттің оқу істері жөніндегі мамандар, Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің аудитор мамандары тарапынан жүргізілуде.

Университетте академиялық тексеру жұмыстары 2012 жылдың 17-20 мамыр күндері аралығында Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан ұйымдастырылды. Комиссия мүшелерінің тізімі төменде берілген.

| Тексеру (бақылау) комиссиясы | |
|---|---|
| Проф. док. Режеп Өзтүрк | Стамбул университеті, Жеррахпаша Медицина факультеті, Жоғары Білім беру кеңесінің мүшесі |
| Проф. док. Музаффер Элмас | Сакария университетінің ректоры |
| Проф. док. Арзу Кихтир | Стамбул университеті Коммуникация факультеті |
| Доц. док. Мустафа Нурсой | Абант Иззет Байсал университеті Инженерлік кафедрасы |
| Хидайет Шахин | Бас аудитор / ТСИ |

Сенат және Ректорат мәжілістері қазақ және түрік тілінде жүргізіледі. Автоматтандыру жүйесі аяқталып пайдалануға берілгеннен кейін бухгалтериялық процедуралар да қазақ және түрік тілінде жүргізілетін болады.

Басшы лауазымдағы Қазақстандық қызметкерлер арасында түрік тілін меңгергендер саны өте аз. Түркиялық қызметкерлер үшін қазақ тілі курстары ұйымдастырылған. Басшы лауазымдағы Түркиялық қызметкерлердің барлығы дерлік қазақ тілін меңгерген.

Басшы қызметіндегі 10 қазақстандық қызметкер түрік тілі курсына қатысу мақсатында 2012 жылдың шілде айында Хажеттепе университетіне жіберілді.

Ғылыми-зерттеу саласындағы іс-шаралар

2011-2012 оқу жылы университет ғалымдары 2009-2013 жылдар аралығына арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес университеттің

2010-2015 жылдарға арналған ғылыми жұмыстарының 6 саласы бойынша 41 тақырыпта зерттеулер жүргізуде.

Университет бойынша 2011-2012 оқу жылының ғылыми-зерттеу жұмыстарының қаржыландыру сомасы 202.920,837 теңге (1.352.805 доллар) мың теңгені құрады.

Халықаралық бағдарлама бойынша – 6.527.900 теңге (43.519 доллар), мемлекеттік бюджет есебі бойынша 64.350.000 теңге (429.000 доллар), шаруашылық келісім-шарт бойынша - 6.485.600 теңге (43.237 доллар), университет есебінен – 119.472.337 теңге (796.482 доллар), университетке қатысты қаражатсыз атқарылған жұмыстар бойынша – 6.085.000 теңге (40.566 доллар) құрады.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым жөніндегі комитетінің сараптауына университеттен 13 ғылыми жоба мемлекеттік бюджет есебінен гранттық қаржыландыру конкурсына ұсынылған болатын, соның 7-уі БжҒМ ғылым Комитетінің Ұлттық ғылыми кеңестерінің 2012 жылдың ақпан айындағы шешімі бойынша 2012-2014 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар конкурсының жеңімпазы атанды. 2012 жылға бөлінген қаражаты 40.350.000 теңге (269.000 доллар).

Жобалар туралы мәлімет:

1. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Разработка технологий получения новых биологически активных препаратов с использованием серосодержащих отходов металлургической и нефтяной промышленностей» атты жоба. Жетекшісі техн.ғ.д., профессор Акбасова А.Ж. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 12.000.000 теңге (80.000 доллар) тенге. (Экология институты)

2. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Разработка оптимального подхода к ранней диагностике и хирургическому лечению врожденных пороков развития центральной нервной системы» атты жоба. Жетекшісі м.ғ.д., профессор Еликбаев Г.М. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 12 000 000 тенге (80.000 доллар) . (Жалпы хирургия кафедрасы)

3. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Распространенность проявлений нейропатии у больных метаболическим синдромом» атты жоба. Жетекшісі м.ғ.д., профессор Шалкарова Ж.Н. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 5 000 000 тенге (33.334 dolar). (Теориялық пәндер кафедрасы)

4. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Преемственность древних и средневековых археологических памятников южных склонов Каратау» атты жоба. Жетекшісі т.ғ.д., профессор Жолдасбаев С.Ж. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 3 750 000 тенге (25.000 доллар). (Археология институты).

5. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Разработка иммунодиагностики и дифференцированных подходов к этиопатогенетической терапии бруцеллеза в условиях хронической интоксикации солями тяжелых металлов» атты жоба. Жетекшісі м.ғ.д., профессор Молдалиев И.С. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 3 000 000 теңге (20.000 dolar). (Хирургиялық аурулар кафедрасы)

6. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Научные основы интродукции и создание коллекции стародавних местных исчезающих плодовых растений для сохранения их генофонда ex-situ» атты жоба. Жетекшісі б.ғ.д., профессор Байжигитов К.Б. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 3 000 000 тенге (20.000 dolar). (Ботаникалық бақ)

7. ҚР БжҒМ гранты бойынша «Культурные взаимоотношения Турана и Ирана» атты жоба. Жетекшісі ф.ғ.к., доцент Абжет Б. Қаржыландыру көлемі 2012 жылға – 1 600 000 тенге (10.666 dolar). (Түркология институты)

Университеттің 3 оқытушы-профессоры Қазақстан Республикасы БжҒМ «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы - 2011» конкурсының жеңімпазы атанды: филос.ғ.д., профессор Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы, м.ғ.д., профессор Самченко Игорь Александрович, х.ғ.к., доцент Дәрібаев Жанәлі Еркінбекұлы.

Оқытушы А.Жақсыбаеваның «Развитие экономического механизма переработки зерновых культур» атты монографиясы университетте алғаш рет алыс шетелде - Германияда жарық көрді.

Университетте Томсон Рейтер және Springer ғылыми электрондық басылымдар базасын тегін пайдалануға мүмкіншілік ҚР БжҒМ тарапынан жасалынып отыр, ал Science журналының онлайн-версиясына университет тарапынан қаржы төленуде.

Университетте болашақ кадрлар дайындау мақсатында, қазіргі таңда 28 мамандық бойынша 266 магистрант, 10 мамандық бойынша 45 докторант және 3 мамандық бойынша 14 резидент дайындалуда. Түркия Республикасының Гази, Хажеттепе, Эрджиес

университеттерінде 31 азаматтарымыз магистратурада және докторантурада білім алуда.

Педагогика және психология мамандығының 2 курс докторанты Исаханова Асель Амстердам қаласында 2012 жылдың 13-14 мамыр айында өткен «Waset 2012 Amsterdam» атты Халықаралық конференцияда баяндама жасап, «Psychological Research of Ethnic Prejudices» (Исследование этнических пребуждений) атты мақаласы Томсон Рейтер базасының World Academy of Science журналының Engineering and Technology секциясында бірлескен авторлармен С.М. Жакупов, З.Б.Мадалиева, А.А. Толегенова жарық көрді. Ал экология мамандығының 1 курс магистранты Бейсембаева Ляззат Шанхай қаласында 2012 жылы қыркүйек айының 17-22 жұлдыздары аралығында өткен «The Regional World Heritage Workshop for Asia» атты Аймақтық практикалық семинарға қатысып «Физическое состояние мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави и его охранной зоны» баяндама жасады.

Сонымен қатар, м.ғ.д., профессор Ж.С.Шалхарованың медицина мамандықтарын акредиттеу мәселесі бойынша Ұлыбританияның Медициналық білім беру және қашықтан оқыту орталығында біліктілігін арттырды.

Темпус - Еуропалық Қоғамдастықтың (ЕҚ) әлеуметтік және экономикалық реформалар процесіне көмек беруге және/немесе серіктес-елдер: Батыс Балқан, Шығыс Еуропа, Орталық Азия, Жерорта теңізі елдерінде дамуға бағытталған бағдарламаларының бірі. Халықаралық ғылым мен білімді жетілдіру мақсатында Евроодақ елдерінің ЖОО-ры құрған «ТЕМПУС -IV» бағдарламасы бойынша университет ғалымдары Әль-Фараби атындағы ҚазМУ-мен бірге Өзбекстанның 3 жоғарғы оқу орнымен консорциум құрып, Австрия (Вена) университетінің басшылығымен бір жобаның грантын иеленіп, жұмыстар жасауда.

2011-2012 оқу жылы университетте жалпы саны 14 ғылыми конференция ұйымдастырылды.

**1. Халықаралық деңгейде өткізілген семпозиум және конференциялар**

30 қыркүйек - 1 қазан аралығында «Орталық Азия Республикаларында кәсіптік- техникалық білім беруді жетілдіру мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға Германия, Өзбекістан, Қырғызыстан,

Тәжікстаннан және т.б елдерден келген 100-ге жуық ғалымдар қатысып баяндама жасады.

Жоба "Учебные компетенции и инфраструктура для e-learning и переподготовки" деп аталады. Жетекшісі: техника ғылымдарының докторы, профессор Л.Т.Ташимов. 2011 жылдың 30 қазан 3 қараша аралығында Темпус бағдарламасының координаторы Вена университетінің профессоры Петр Либерцайттың қатысуымен университетімізде семинар мониторинг өткізілді. Бұл семинарға Австрия, Германия, Англия, Өзбекстан Республикаларынан ғалымдар қатысып, бұл программа туралы көптеген мәліметтер берді. 2011-2012 оқу жылында жобаның қаржыландыру көлемі 6 527 900 теңге (43.519 dolar).

20-21 қазан аралығында Казақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Медицинская экология: современное состояние, проблемы и перспективы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияға Ресей, Өзбекістан және Республикамыздан келген ғалымдар, атап айтқанда Ресей медицина ғылымдары академиясының терапия ғылыми-зерттеу институты директорының ғылым және емдік ісі жөніндегі орынбасары м.ғ.д., профессор И.И.Логвиненко, Эрисман атындағы Ресей федералдық гигиена ғылыми-зерттеу орталығының терапия бөлімінің меңгерушісі м.ғ.д., профессор П.Серебряков, Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің бастығы м.ғ.д., профессор Ж.К.Исмаилов, ҚР денсаулық министрлігінің «Ұлттық еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар орталығының» директоры м.ғ.д., профессор И.Аманжол, Шымкент қаласындағы А.Ясауи атындағы ХҚТУ клиникасының директоры м.ғ.д., профессор И.О.Байдаулетов және т.б. ғалымдар қатысып, антропогендік әсерден пайда болатын кәсіби аурулардың туындауы мен емдеу мәселелері төңірегінде мәселелерді қарады.

30 қазан 3 қараша аралығында Темпус бағдарламасының координаторы Вена университетінің профессоры Петр Либерцайттың қатысуымен семинар мониторинг өткізілді. Бұл семинарға Австрия, Германия, Англия, Өзбекстан Республикаларынан ғалымдар қатысып, бұл программа туралы көптеген мәліметтер берді.

17-18 қарашада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 – жылдығына арналған «Болон процесі және Қазақстандағы жоғары оқу орындары жүйесіндегі реформалар» атты Халықаралық семинар өткізілді. Халықаралық семинарға Ұлыбритания, Бельгия, Түркия,

Франция, Қырғызстан елдерінен және Республикамыздың жоғары орындарынан ғалымдар мен лауазымды қонақтар келді. Олардың қатарында Түркия Республикасының академиялық бағалау және жетілдіру комиссиясының төрағасы доктор, профессор Мехмед Дурман, Ұлыбританияның бизнес және технологиялық білім беру кеңесшісі, сарапшы маман доктор Мустафа Милек, Еуропалық студенттер одағының атқарушы комитет мүшесі Невена Юсанович. Қазақстандағы Франция елшілігінің мәдени мәселелері жөніндегі орынбасары Иоан Шиттерер, Қырғызстандағы менеджмент және дизайн университетінің өкілетті кеңес төрағасы доктор, профессор Толга Йазыжы, Қырғызстандағы менеджмент және дизайн университетінің президенті доктор, профессор Айхан Сүрек, Қазақ технология және бизнес университетінің ректоры п.ғ.д., профессор Т.Балықбаев және т.б. Семинар барысында жоғары білімнің Ұлттық жүйелерін үйлестіру және Болон процесі аясында біріңғай жалпы европалық білім кеңістігіне кіру мәселелері талқыланды.Семинарға белсенді қатысушыларға сертификаттарын берілді.

25 қараша 2011 ж. «Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті тұсындағы билер институтының маңыздылығы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Конференцияға Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Республикамыздан ғалымдар келді. Доктор, профессор Озкул Чобаноглу, ф.ғ.д., профессор Г.Кунафин, Өзбекстан Республикасының ғылым академиясының академигі Б.Каримов, ф.ғ.д., профессор М.Идельбаев, ф.ғ.д., профессор С.Бахадірова және т.б. ғалымдар Алтын Орда тұсындағы әдеби және тарихи шығармалар мен оқиғаларды жаңа көзқараспен қарау мәселелерін күн тәртібіне қоюды ұсынды.

Желтоқсан айының 3-ші жұлдызында жұлдызды 20 күндер аясындағы «Ғылым» күніне және э.ғ.д., профессор Б.С.Мырзалиевтің 60 жылдық мерейтойына орай «Экономиканың индустриалды – инновациялық дамуы және қазіргі заманғы мамандар жүйесін дайындау басымдықтары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Бұл конференцияға ҚР ҰҒА академигі Ә.Ә.Сатыбалдин, э.ғ.д., профессор, академик Ө.Қ.Шеденов, э.ғ.д., профессор А.А.Сатмырзаев, э.ғ.д., профессор С.Ш.Ауелбаев, э.ғ.д., профессор О.Абралиев, а-ш.ғ.д., профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Н.Алибаев және т.б. жоғары оқу орындарынан келген ғалымдар қатысып, конференция тақырыбы аясында мәселелерге тоқталды.

2012 жылдың 20-21 сәуір айында «Түркі мәдениетінің даму дәуірлері: X-XIII ғасырлардағы Орталық Евразия және Кіші Азияға жаңа қозқарастар» атты халықаралық симпозиум өтті. Халықаралық симпозиумға Түркия, Өзбекістан, Венгрия елдерінен және Республикамыздың жоғары орындарынан ғалымдар мен лауазымды қонақтар келді. Симпозиумға белсенді қатысушыларға сертификаттар берілді.

2012 жылдың 26-27 сәуір айында «Түркі дүниесіндегі Ислам ғылымдарының ролі» атты халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Конференцияға қатысушы қонақтары Қазақстандағы және Түркия Республикасының діни білім беретін мекемелер мен жоғары оқу орындарынан.

## 2. Республикалық деңгейде ұйымдастырылған конференциялар

2011 жылдың 2-3 наурыз аралығында «Өзбекәлі Жәнібек оқулары - 2011» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық ұстанымдағы оның ролі қаралды.

2011 жылдың 28 қыркүйегінде «Госпитальді терапия және кәсіптік аурулар» кафедрасында «Пневмониямен ауыратын науқастарды қазіргі таңдағы емдеу жолдары» атты ғылыми конференциясы өтті.

2011 жылдың 28 қазанында «Биология» кафедрасында Жандар Керімбектің Ермаханының 75 жылдығына арналған «Жаратылыстану ғылымдары және педагогиканың өзекті мәселелері» тақырыбында ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді, 2-томдық материалдар жинағы жарық көрді.

2011 жылдың 21 карашасында «Госпитальді терапия және кәсіптік аурулар» кафедрасында «Созылмалы жүрек жетімсіздігі бар науқастарға ангиотензин айналдырушы ферменттердің өмір сапасына әсері және клиникалық көрсеткіштері» атты ғылыми конференциясы өтті.

2011 жылдың 28 желтоқсанында «Госпитальді терапия және кәсіптік аурулар» кафедрасында «ОҚО бойынша йод жетіспеушілігін жою және алдын-алу жолдары» атты ғылыми конференциясы өтті.

2012 жылдың 2-3 наурыз аралығында «Өзбекәлі Жәнібек оқулары» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы III

рет ұйымдастырылып, конференция жұмысының нәтижесі бойынша 2 томдық ғылыми еңбектер жинағы жарыққа шықты.

**Республикалық ЖОО студенттерінің 2011 – 2012 оқу жылындағы үздік ғылыми – зерттеу конкурсының нәтижесі:**

1-орын: 6 студент,

2-орын: 8 студент,

3-орын: 19 студент.

**Республикалық ЖОО студенттерінің пәндік олимпиадаларының нәтижесі:**

1-орын: 5 студент,

2-орын: 5 студент,

3-орын: 7 студент

Қазақстан Республикасының ЖОО-ның арасында өткен 2012 жылғы Ұлттық рейтинг нәтижесі бойынша, университеттің 8 мамандығы жүлделі орын алған. : Математиака, География және Туризм мамандығы (2-орын); Биология; Дінтану; Шетел филологиясы; Актерлік өнер, Әлеуметтану (3-орын).

**1. Қаржы және бюджет**

**a. Университеттің бюджет игеру нәтижесі**

Университеттің кірістерін, Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасынан аударылатын төлемдер, ақылы негізде оқитын студенттердің төлемақылары, сондай-ақ коммерциялық және басқа да кірістер құрайды.

Университетке аударылған (түскен) кірістердің 2011 жылғы және өткен жылдардағы салыстырмалы көрсеткіштері АҚШ долларымен келесі кестеде көрсетілген.

*7-кесте. Жылдар бойынша университет кірістері (АҚШ дол.)*

| **Кіріс түрлері** | **2009** | **2010** | **2011** |
|---|---|---|---|
| ТР бюджетінен аударылған ағымдық төлемдер | 7.180,30 | 3.508,60 | 8.414,20 |
| ТР бюджетінен аударылған инвестициялық төлемдер | 2.654,90 | 2.119,30 | 4.530,70 |
| Студент кірістері (ТүрТЕП) (ТР) | 4.127,30 | 5.012,30 | 5.465,50 |
| ҚР бюджетінен аударылған ағымдық төлемдер | 10.707,70 | 12.812,50 | 14.499,20 |
| ҚР бюджетінен аударылған инвестициялық төлемдер | 3.702,70 | 6.331,20 | 13.547,40 |
| Студент кірістері (ҚР) | 11.240,90 | 8.971,50 | 9.703,10 |
| Жалпы | 39.613,80 | 38.755,40 | 56.160,10 |

| | | **2009** | **2010** | **2011** |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан бухгалтериясы тарапынан есептелген шығыстар | | 29.155.872 | 33.203.923 | 42.705.019 |
| Түркістан бөлімінің шығыстары | | 20.130.888 | 24.561.800 | 36.190.480 |
| | Түркістан бөлімі | 16.438.053 | 18.230.620 | 22.643.115 |
| | Университет қалашығының құрылысы (ҚР) | 3.692.835 | 6.331.180 | 13.547.365 |
| Ректоратқа қарасты басқа құрылымдық бірліктердің шығыстары | | 9.024.984 | 8.642.123 | 6.514.539 |
| | Шымкент институты | 4.665.334 | 3.322.587 | 1.216.525 |
| | Кентау институты | 958.336 | 996.455 | 941.539 |
| | Тараз институты | 2.082.820 | 1.537.866 | 477.521 |
| | Алматы институты | 127.934 | 120.540 | 139.816 |
| | Түркістан клиникасы | 0 | 34.961 | 122.342 |
| | Шымкент клиникасы | 1.077.660 | 2.571.414 | 3.613.177 |
| Ректораттың Анкарадағы өкілдігінің шығыстары | | 112.900 | 58.300 | 3.619 |
| Түркия бухгалтериясы тарапынан есептелген | | 11.078.110 | 11.234.385 | 10.139.175 |
| | Өкілетті Кеңес Басқармасы | 1.552.154 | 1.744.172 | 1.568.394 |
| | Қашықтықтан білім беру факультеті ТүрТЕП | 2.473.318 | 2.586.108 | 2.621.351 |
| | Ректорат қарамағына жіберілген қызметкерлер шығыны | 1.570.061 | 1.627.152 | 1.450.750 |
| | Түркиядан Ректоратқа жіберілген (алынған) материалдар мен қызмет шығындары | 5.482.576 | 5.276.953 | 4.498.680 |
| | Жалпы | 40.233.982 | 44.438.308 | 52.844.194 |

AHMET YESEVİ
ÜNİVERSİTESİ

# ТҮРТЕП

# 2011-2012

## оқу жылында атқарылған іс-шаралары мен қол жеткізілген жетістіктер есебі



## 1. ТҮРТЕП туралы жалпы мәлімет

ТҮРТЕП интернет арқылы білім беру жүйесінде 24 сағат бойынша виртуалды эфирге қосылу, студентке мәлімет беру-алу мүмкіншілігі, тиімді және динамикалық түрде оқытушы-профессорлармен хабарласу мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, «оқу үдерісін басқару жүйесі» арқылы студенттердің және оқытушы-профессорлардың академиялық жұмыстары үнемі қадағаланыпп, бағаланып отырады.

## 2. ТҮРТЕП-тің құрылымы

### 2.1. Бөлімдер




- ***Студенттік істері және оқу қызметінде көмек бөлімі***
- ***Жабдықтау, желілер және қауіпсіздік қызметтері***
- ***Бағдарламалауды жетілдіру және бақылау бөлімі***
- ***Мазмұнды жетілдіру бөлімі***
- ***Өлшеу, бағалау және сынақ-емтихан қызметтері бөлімі***
- ***Шаруашылық қызметтері***

ТҮРТЕП құрамында 26 қызметкер жұмыс істейді. Жақын уақытта жаңадан құрылу шеңберінде жаңа қызметкерлер жұмысқа алынады. ТҮРТЕП құрамында қазіргі таңда қызмет атқаратындардың білім деңгейіне байланысты статистикалық график төменде берілген.




ТҮРТЕП-тің даму үдерісімен қатар жақын уақытта қызмет көрсетіп жатқан орнын ауыстыруға қажеттілігі бар.

## 2.2. Студенттер мен оқытушы-профессорлар контингенті

| кезең | Проф.док. | Доц.док. | Доц.қ.а., док. | доктор | оқытушы | жалпы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2011-2012 күз** | 41 | 18 | 16 | 5 | 4 | 84 |
| **2011-2012 көктем** | 43 | 20 | 17 | 12 | 4 | 96 |

Төмендегі графикте қазіргі таңдағы жетекші санының өткен кезеңге қарағанда 12.5 %-ға артқаны көрсетілді.




### Студенттер контингенті

| деңгейі | Бағдарламаның аты | 2011-2012 күз | | | | 2011-2012 көктем | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жаңа қабылд. | бітірген | Оқудан шыққан | жалпы | Жаңа қабылд. | бітірген | Оқудан шыққан | жалпы |
| **колледж** | Компьютер бағдарламалау | 38 | 7 | 2 | 112 | 0 | 16 | 1 | 89 |
| | **Toplam** | **38** | **7** | **2** | **112** | **0** | **16** | **1** | **89** |
| **деңгейі** | **Бағдарламаның аты** | **2011-2012 күз** | | | | **2011-2012 көктем** | | | |
| | | **Жаңа қабылд.** | **бітірген** | **Оқудан шыққан** | **жалпы** | **Жаңа қабылд.** | **бітірген** | **Оқудан шыққан** | **жалпы** |
| **Бакалав-риат** | Басқарудың ақпараттық жүйелері | 60 | 8 | 3 | 235 | 0 | 14 | 5 | 190 |
| | Компьютер инженерлігі | 143 | 39 | 3 | 612 | 0 | 59 | 3 | 548 |
| | Өндіріс инженерлігі | 82 | 8 | 1 | 265 | 0 | 10 | 1 | 235 |
| | Компьютер және оқыту технологи-ялары оқытушыл. | 147 | 0 | 3 | 147 | 0 | 0 | 1 | 126 |
| | **Жалпы** | **432** | **55** | **10** | **1259** | **0** | **83** | **10** | **1099** |
| **деңгейі** | **Бағдарламаның аты** | **2011-2012 күз** | | | | **2011-2012 көктем** | | | |
| | | **Жаңа қабылд.** | **бітірген** | **Оқудан шыққан** | **жалпы** | **Жаңа қабылд.** | **бітірген** | **Оқудан шыққан** | **жалпы** |
| **Магистра-тура** | Менеджмент | 155 | 32 | 17 | 397 | 151 | 28 | 20 | 383 |
| | Басқарудың ақпараттық жүйелері | 123 | 20 | 15 | 221 | 152 | 22 | 6 | 279 |
| | Компьютер инженерлігі | 86 | 24 | 9 | 199 | 83 | 16 | 7 | 213 |
| | Денсаулық сақ-тау мекемелері-нің менеджменті | 155 | 113 | 11 | 410 | 130 | 74 | 12 | 364 |
| | Басқару және ұйымдастыру | 160 | 75 | 7 | 411 | 162 | 94 | 8 | 440 |
| | Білім беруді бас-қару ж/е бақылау | 168 | 102 | 2 | 453 | 163 | 114 | 3 | 486 |
| | Жергілікті басқару | 139 | 29 | 4 | 251 | 158 | 26 | 6 | 326 |
| | **жалпы** | **986** | **395** | **65** | **2342** | **999** | **374** | **62** | **2491** |
| | Жеке студенттер | 8 | 0 | 0 | 8 | 8 | 0 | 0 | 8 |
| | **ЖАЛПЫ** | **1464** | **457** | **77** | **3721** | **1007** | **473** | **73** | **3687** |

2011-2012 оқу жылында екі семестрде өткізілген анкеталарда студенттердің жетекшілеріне деген қанағаттанарлығы орташа 74 %, сабақ мазмұндарына деген қанағаттанарлығы 70 % құрады.

**3. ТҮРТЕП-тің әлемдегі және Түркиядағы қашықтықтан білім беретін мекемелерден айырмашылығы**

**3.1. ТҮРТЕП-тің толығымен тікелей виртуалды сабақ беру ортасы**
Әлемдегі қашықтықтан білім беретін мекемелерден айырмашылығы, ТҮРТЕП 4500-ге жақын студентке тікелей-синхрондық түрде сабақ береді.

**3.2. Ахмет Ясауи атындағы университеті ТҮРТЕП-тің халықаралық мәртебеге қол жеткізуі**
2011 жылы ТҰҰМ (Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісі) Ахмет Ясауи университетінің Жарғысын және Түркия мен Қазақстан арасындағы келісімнің бекітілуімен ТҮРТЕП те халықаралық мәртебеге қол жеткізді.

**3.3. ТҮРТЕП-тің қашықтықтан білім беру жүйесінің басқалардан бөлек және сапалы болуы**
ТҮРТЕП қашықтықтан білім беру рухына сәйкес ақпараттық жүйелерін 10 жылдық жоспарға сай құрады және соңғы жаңалықтар мен технологияға инвестиция жасап, үнемі өзектілігін сақтайды.

**3.4. Стратегиялық жоспарға (2014) сәйкес қол жеткізілген жетістіктер**

- ТҮРТЕП интернет сайтының www.turtep.edu.tr ашылуы (стратегиялық мақсат 1.2.5.)
- Бөлімдердің Анкара орталығында жиналуы мен қызмет көрсетуі (СМ 1.6)
- ТҮРТЕП-тің ақпарат мағынасында фирмаларға тәуелді болудың алдын алу және бағдарламашы тобын құрып LMS, SMS хабарландыру, студенттік жұмыстарын жүргізу бағдарламаларының жазылуы (СМ 2.3.3)
- LMS, ұсынушы (сервер), интернет құрылымы (150 Mbps) ж.с.с. арттыру және күшейту (СМ 2.6)
- Стамбұл Чапа медицина факультеті- Қазақстан қашықтықтан түрікше медицина сабақтарының берілуі (СМ 3.2)
- ТҮРТЕП түлектері және қоғамы үшін бағдарлама дайындау мен қадағалау (СМ 3.6)
- Талапкерлерге SMS, Email ve Google Adwords арқылы таныту жүргізу(СМ 3.8)

**4. ТҮРТЕП-тің жылдар бойы студенттер контингентінің артуы**



**5. ТҮРТЕП-тің қаржылық жағдайы туралы түйін**

Кірістер кестесінде 2011 жылы мен 2012 жылының 9 айы туралы мәліметтер берілген. 2012 жылғы шығындар 14 %-ға артты. Семестрдің пайдасы айына 48 %-ға артты. ТҮРТЕП балансында айналымдағы активтер 2011 жылына қарағанда 9 айда 36 %-ға артты. Сонымен қатар, қарыздарымыз да 8 %-ға артты. ТҮРТЕП-тің 9 айлық мәліметтеріне қарағанда ғылымды қолдау шәкіртақы мен жобаларға 519.882,67 түрік лирасы бөлінген. Университеттің инвестиция және инфраструктураны дамыту жобаларына 1.213.059,57 түрік лирасы бөлінді.

**6. ТҮРТЕП-тің жобалары және қашықтықтан білім беруге қосқан жаңалықтары**

ТҮРТЕП миссиясы және бағдары жөнінен студентке арналған бір мекеме болып, жаңа жобалар мен іс-әрекеттерге ерекше мән беріп, жұмысына еңгізуде. Еңгізілген жаңалықтар:

- ТҮРТЕП қашықтықтан білім беру мобильдік версиясы (Iphone-Android)
- Стамбұл медицина факультетінен Қазақстан қалашығына қашықтықтан тікелей эфирде түрік тілінде медицина сабақтары
- Қашықтықтан тікелей эфирде сабақтарды қамтитын бағдарламаға есеп арқылы бастатылуы және сапа анализі
- Қолданыстағы LMS-тің жеткіліксіздігі және студент санының артуы себебімен ТҮРТЕП бағдарламашылар тобының өзіміздің LMS бағдарламасын жазу жобасы

**6-қосымша**

## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті 2011 жылғы қаржылық нақты есебі (АҚШ доллары)

| | | |
|---|---|---|
| **Шығыстар** | **53.833.630,22** | |
| - Қазақстанда жұмсалған шығындар (1) | | 45.020.900,90 |
| - Түркияда жұмсалған шығындар (3) ӨКБ | | 10.350.506,32 |
| - Түркияда жұмсалған шығындар ТүрТЕП | | 2.972.687,00 |
| - Түркиядан Қазақстанға аударылған кезде шығын деп жазылып Қазақстанға жасалған нақты аударымдар (-) | | 4.510.464,00 |
| **2012 жылға аударылған нақты ақша** | **16.863.629,32** | |
| - 2012 жылға аударған банктер – Қазақстан (5) | | 1.892.534,83 |
| - 2012 жылға аударған банктер – Түркия – ӨКБ | | 9.902.205,49 |
| - 2012 жылға аударған нақты қаражат – Түркия – ТүрТЕП | | 5.068.889,00 |
| **Жалпы қаржыландыру** | **70.697.259,54** | |
| - 2012 жылға аударған алашақтар – Түркия-ӨКБ | | 182.275,13 |
| - мемлекеттік бюджетке қайтарылғандар – | | 298.505,97 |
| - Инвентаризация, көлік сатып алу шығындары-Түркия | | 296.939,57 |
| - 2010 жылдан аударылған берешектер – ТүрТЕП | | 287.569,00 |
| ӨКБ кіріс/табыс аударымы – ТүрТЕП | | 418.627,00 |
| **Жалпы барлығы** | **72.181.166,21** | |

| | | |
|---|---|---|
| **Кірістер** | **59.200.134,45** | |
| - Қазақстанда түскен кірістер (2) | | 44.598.354,56 |
| - Түркия бюджетінен аударылғанда кіріс деп жазылып Түркиядан жасалған нақты аударымдар (-) | | 4.510.464,00 |
| - Түркияда түскен кірістер-ТүрТЕП | | 5.465.463,00 |
| - Түркияда түскен кірістер - ӨКБ | | 13.231.784,99 |
| ӨКБ кіріс/ ТүрТЕПтен табыс аударымы | 414.995,90 | |
| **2010 жылдан аударылған нақты ақша** | **11.841.968,71** | |
| - 2010 жылдан аударылған – Қазақстан (4) | | 2.613.587,14 |
| - 2010 жылдан аударылған – Түркия- | | 6.689.988,57 |
| жылға аударған нақты қаражат – Түркия – ТүрТЕП | | 2.538.393,00 |
| **Жалпы қаржыландыру** | **71.042.103,16** | |
| - 2012 жылға аударған алашақтар – Түркия-ӨКБ | | 158.211,20 |
| - 2012 жылға аударған алашақтар – ТүрТЕП | | 660.941,00 |
| - Жинақталған амортизациялар/ӨКБ | | 141.204,85 |
| - Жинақталған амортизациялар/ТүрТЕП | | 178.706,00 |
| **Жалпы барлығы** | **72.181.166,21** | |

(1) КДО шығындарын қосқанда
(3) Қазақстанға аударылған қаражатты қосқанда.
(5) КДО есептерінен аударылғанды қосқанда

(2) КДО кірістерін қосқанда
(4) КДО есептерінен аударылғанды қосқанда

**6/А-қосымша**

**Бюджет түріне қарай университеттің 2011 жылғы кірістері (АҚШ доллары)**

| | | |
|---|---|---|
| Түркия бюджетінен бөлінген ағымдық қаржы | | 8.414.239,48 |
| Түркия бюджетінен бөлінген инвестиция | | 4.530.744,34 |
| Қазақстан бюджетінен бөлінген ағымдық қаржы | | 14.499.218,31 |
| Қазақстан бюджетінен бөлінген инвестиция | | 13.547.365,90 |
| Студент кірістері (Түркия/ ТүрТЕП) | | 5.465.464,00 |
| Коммерциялық кірістер (Қазақстан) | | 9.703.156,13 |
| Басқа да кірістер (Түркия) | | 701.797,07 |
| Басқа да кірістер (Қазақстан) | | 0,00 |
| Түркия бюджетінен айлық трансферлері | | 4.510.464,00 |
| Коммерциялық бюджеттен Түркия бюджетіне трансферлер | | 327.980,86 |
| **Жалпы кіріс** | | **61.700.430,09** |
| **2010** жылдан аударылған кіріс | **11.829.780,95** | |
| Қазақстандағы есептерден | 2.601.399,38 | |
| Түркиядағы есептерден (ӨКБ) | 6.689.988,57 | |
| Түркиядағы есептерден /ТүрТЕП | 2.538.393,00 | |
| **Жалпы** | | **73.530.211,04** |

Университеттің 2011 жылы қолдана алуы мүмкін қайнар көздер алдыңғы жылдан аударылған қаржымен бірге 73.530.211,04 АҚШ доллары болып жүзеге асырылған.

**6/B-қосымша**

**Бөлімдер бойынша университеттің 2011 жылғы шығыстары (АҚШ доллары)**

| | | |
|---|---|---|
| **Қазақстандағы бухгалтериялар тарапынан жұмсалған шығыстар** | | **43.033.372,44** |
| **Түркістан бөлімі шығыстары** | | **36.518.828,57** |
| | Түркістан бөлімі | 22.641.794,33 |
| | Түркістан бөлімі Алматы - банк шығыстары | 1.321,48 |
| | Түркістан кешені/кампус құрылысы (ҚР) | 13.547.365,90 |
| | Коммерциялық бюджеттен Түркия бюджетіне трансферлер | 327.980,86 |
| | Бағам айырмашылығы | 366,00 |
| **Ректоратқа қарасты басқа бөлімдердің шығыстары** | | **6.514.543,87** |
| | Шымкент институты | 1.216.525,45 |
| | Кентау институты | 941.539,46 |
| | Тараз институты | 477.521,69 |
| | Алматы институты | 126.954,56 |
| | Алматы Еуразия ҒЗО | 12.862,99 |
| | КДО | 122.342,33 |
| | Шымкент мединица факультеті | 3.571.090,53 |
| | Ректораттың Анкарадағы өкілдігінің шығыстары | 3.619,40 |
| | Шымкент клиникасы | 42.087,46 |
| **Түркиядағы бухгалтерия тарапынан жұмсалған шығыстар** | | **13.323.191,65** |
| | Өкілетті Кеңес Басқармасы | 1.568.394,07 |
| | Ұзақтан білім беру факультеті ТҮРТЕП | 2.972.687,00 |
| | Ректоратқа жұмысқа жіберілген қызметкерлерге жасалған шығыстар | 1.450.750,51 |
| | Түркістан кешені/кампус құрылысы (ТР) | 0 |
| | Түркиядан ректоратқа жіберілген тауар мен қызмет сатып алуларына қатысты шығыстар | 4.498.680,07 |
| | ӨКБ Бағам айырмашылығы | 2.832.313,00 |
| | Жылжымайтын мүлік сатылуынан зиян | 367,00 |
| | **ЖАЛПЫ** | **56.356.564,09** |

**Бөлімдер бойынша 2012 жылына аударылған нақты ақшалар (АҚШ доллары)**

| | | |
|---|---|---|
| **Қазақстандағы бөлімдердің аударған ақшалары** | | **1.857.706,18** |
| **Түркістан бөлімі аударған ақша** | | 1.793.246,32 |
| | Түркістан бөлімі | 1.793.246,32 |
| | Түркістан кешені құрылысы (ҚР) | 0 |
| **Ректоратқа қарасты басқа бөлімдердің аударған ақшалары** | | **64.459,83** |
| | Шымкент институты | 0 |
| | Кентау институты | 31.874,95 |
| | Тараз институты | 2.120,25 |
| | Алматы институты | 256,23 |
| | Шымкент медицина факультеті | 30.208,40 |
| | | |
| **Түркиядағы бөлімдердің аударған ақшалары** | | **14.971.094,49** |
| | Өкілетті Кеңес Басқармасы | 9.902.205,49 |
| | ТүрТЕП | 5.068.889,00 |
| | Ректорат Анкара өкілдігі | 0 |
| | **Барлығы** | **16.828.800,67** |

